




БЕКІТЕМІН

Директор  Н.Ахат

2023 ж. маусым 22

**Ақмола облысы білім
басқармасы жанындағы
«Ж.Мусин атындағы Көкшетау
жоғары қазақ педагогикалық
колледжі» МКҚК өзін-өзі бағалау
ЕСЕБІ**

2022-2023 оқу жылы



КӨКШЕТАУ - 2023

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1. **Білім беру ұйымының толық атауы:** Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК

2. **Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):** Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Боровской м/а, 76.

3. **Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):** 8 (716) 2 32-92-42, 8 (716) 2 72-13-45, kazped@mail.ru, <http://pt0004.kokshetau.aqmoedu.kz/>

4. **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):** Ахат Нұртас Ахатұлы – білімі: жоғары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, заңгер, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан ПҒА академигі

Домендік атау: <http://kazped.edu.kz/>

1. Колледждің жалпы сипаттамасы

Ж.Мусин атындағы қазақ педагогика колледжі 1990 жылы Қазақ ССР-і Халыққа білім беру министрлігінің «Көкшетау қаласында қазақ тілінде оқытылатын педагогикалық училище ашу» туралы № 341 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған.

Ақмола облысы білім басқармасының 1995 жылғы 11 желтоқсандағы № 312 бұйрығымен Педагогикалық училище Көкшетау қазақ педагогикалық колледжі деп қайта аталды.

1996 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының білім және мәдениет мекемелеріне есімдер беру» қаулысына орай оқу орнына белгілі жазушы, журналист Жанайдар Баймұрзаұлы Мусиннің есімі берілді.

2000 жылдың 1 қаңтарынан колледждің меншік түрі – мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, бағдарламалар администраторы – Ақмола облысының білім басқармасы.

2008 жылы 16 шілдеде заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №1223-1902-МК куәлігі алынды, заңды ұйымның атауы: Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Көкшетау қаласы, (қазақ тілінде оқытылатын) Ж.Мусин атындағы педагогика колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.

2017 жылдың 17-мамырында Ақмола облысы әкімінің А-5/208 қаулысымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып атауы өзгертілді.

Бүгінгі таңда Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес әзірленген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітіліп қолданысқа енгізілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде 7 мамандық, 14 біліктілік бойынша педагог мамандар даярлауда:

1. 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту:

4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі

5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры

2. 01130100 Логопедия:

5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры

3. 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

4. 01140200 Музыкалық білім беру:

4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі

5. 01140500 Дене тәрбиесі және спорт:

4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі

5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры

6. 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі:

4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

4S01140605 Шетел тілі мұғалімі

5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

7. 01140700 Информатика

4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі – бәсекеге қабілетті сапалы педагог кадрларды даярлауда Республикаға белгілі оқу орны. Колледж – Қазақстан Республикасының білім беру нарығындағы педагогикалық кадрларды даярлауда көшбасшылыққа, қарқынды түрде даму үстіндегі материалдық-техникалық базаға, заманауи оқыту түрлерін енгізуде инновацияларды қолданатын алдыңғы қатарлы отандық және шетелдік білім беру ұйымдарымен белсенді және тең құқылы серіктестікке, оқытушылардың педагогикалық және ғылыми біліктілігін арттырудың дамыту жүйесіне ие оқу мекемесі. Колледж ұсынатын кәсіби білім беру қызметтері студенттердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете алады.

Колледждің білім саласындағы қызметінің негізгі **мақсаты** – тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің алға қойған міндеттері мен талаптарына, сұраныстарына және күтетін нәтижелеріне сай келетін жоғары деңгейдегі білікті кәсіби мамандар даярлау, білім беру қызметін көрсету нарығындағы бәсекелестікке сай болу және перспективалық дамуды нығайту.

Колледж миссиясы – кәсіби құзыретті, тұлғалық үйлесімді дамыған, қоғамның әлеуметтік, этикалық, мәдени, экологиялық аспектідегі мәселелерін қоя білетін және шеше алатын, жауапкершілігі мол қызметкер бола алатын, ұжымға тез бейімделетін және бәсеке шарттары негізінде жұмыс істейтін азаматты тәрбиелеуді қалыптастыруға барынша мүмкіндік туғызу. Колледж «ашық жүйе» принципінің негізінде белсенді әрі өзара тиімді ынтымақтастықты, сонымен қатар халықаралық білім беру ұйымдарымен, кәсіби қауымдастықтармен қарым-қатынасты жүзеге асыруды басшылыққа алады.

2023-2024 оқу жылында колледжде күндізгі бөлімде 1093 студент білім алуда, оның ішінде: 999 – бюджеттік негізде, 91 – ақылы негізінде.

Студенттер контингенті туралы салыстырмалы мәлімет:



Еліміздің білім саласына кәсіби құзіретті маман дайындау, кәсіптік білім берудің мазмұны мен формасына жаңашыл өзгерістер енгізу, сапалы білімге деген жалпыға бірдей қолжетімділікті туғызу мақсатында колледждің материалдық-техникалық жағдайы жетілдіріліп, дәрісханалар, зертханалардың оқу-әдістемелік, дидактикалық кешендері заман талабына сай толықтырылды.

Қазіргі кезде колледжде жалпы 25 дәрісхана, 5 компьютерлік дәрісхана, 14 жеке әуез дәрісханалары, хореография және спорт залы, тир, 1 тренажер залы, релаксация және дауыс жазу студиясы, баспахана, асхана, 1 оқу залы, электрондық-ресурстық кітапхана және көпфункционалы конференц зал жұмыс істеуде. Колледждегі барлық техниканы біріктіруге локальді желіні орнату үшін сервер қойылып, колледждегі барлық компьютерлер локальді желіге қосылған. Локальді желі колледжде көптеген білім саласына арналған маңызды жұмыстарды тиімді іске асыруға көмектеседі. Осы желіні пайдалана отыра колледж дәрісханаларында 87 IP-камералары орнатылды, сонымен қатар оқу процесінің мониторинг жүйесі өте сапалы жұмыс атқаруда.

Конференц-залдың мүмкіншілігі: Конференц құрылғылары арқылы конференция немесе кез келген жиналыстың қатысушылары мен тыңдаушылары арасында тікелей қарым-қатынас орнатылады. Конференц жүйесі көмегімен әрбір қатысушы микрофон арқылы сұхбат жүргізе алады. Үш тілде конференция жүргізілгенде, ілеспе аударылым жасалады. Басқа колледждермен және шетелдегі оқу орындарымен тікелей байланыс жасалады. Бұл желіні ары қарай дамыту мақсатында колледжде кеңжолақты интернет желісі пайдаланылуда және интернет желісі серверлік компьютер арқылы басқарылады. Желі арқылы жүргізілетін бағдарламалар орнатылған.

Олар:

1. «Vypress Chat» чат бағдарламасы. Бұл бағдарлама арқылы колледж әкімшілігі құжаттарды желі арқылы жедел алмасады және хабарласа алады;

2. «Кабис» кітапханаға арналған автоматтандырылған-ақпараттық жүйесі;

3. Оқу процесінің мониторинг жүйесі – бұл жүйе арқылы колледж директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары, директордың практика жұмысы бойынша орынбасары, директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы бойынша орынбасары, директордың республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысы бойынша орынбасары, оқу жұмысының меңгерушісі, бөлім меңгерушілері колледждің әр дәрісханасын бейне камералар арқылы қадағалайды;

5. Локальді жүйе арқылы тестік бағдарлама бойынша студенттердің кез келген пәннен білім сапасы қадағаланады;

6. Колледж желісі қауіпсіздігін қадағалау үшін сервер арқылы басқарылатын антивирус жүйесі орнатылған;

7. Колледжде ғылыми жұмыстардың түпнұсқасының авторлық қолтаңбаға сәйкестігін тексеретін «Antiplagiat.ru» бағдарламасы іске қосылған.

Оқу үрдісінде ақпараттық-компьютерлік технологиялар, электрондық оқулықтар, мультимедиалық, лингафондық құралдары кеңінен қолданылуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының міндеттеріне сай колледжде білім берудегі менеджмент жетілдіріліп, оқу үрдісі автоматтандырылған. Ақпарат дамудың деңгейін анықтайтын ресурсқа айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, мәлімет өңдеу мен оны тасымалдау ісін атқару – жоғары дамудың қажетті шарты болып табылады. Колледжде жедел басқару, менеджментті жетілдіру, электрондық құжат айналымын іске асыру мақсатында локальдік жүйе (арнайы чат) тиімді пайдаланылуда. 2011 жылдан бастап колледжде оқу процесін мониторингтеудің электрондық жүйесі іске қосылған (ОПМЖ), бұл жүйе арқылы колледж директоры, директор орынбасарлары, колледж әдіскері әр дәрісхананы камералар арқылы қадағалауға мүмкіндік алады. Колледжде көп функциялы конференц-залы іске қосылған, конференц-зал мүмкіншілігі: конференц құрылғылары арқылы конференция немесе кез келген жиналыстың қатысушылары мен тыңдаушылары арасында қарым-қатынас орнатылады. Әрбір қатысушыға арналған жеке мониторлармен жабдықталған. Басқа колледждермен және шетелдегі оқу орындарымен тікелей байланыс жасалады. Республикамыздың және шетелдік оқу орындарымен тікелей байланыс жасай алынады.

Бәсекеге қабілеттілікті көтеру мақсатында 2022-2023 оқу жылында колледж **ISO 9001:2015/ ҚР СТ ISO 9001-2016** ұлттық стандартының сапа менеджменті жүйесін енгізіп, сәйкестік сертификатына ие болды. Колледждің барлық қызметінің құрылымын сапа стандартына сәйкестендіру

барысында ішкі ережелер, лауазымдық нұсқаулар, іс құжаттары толығымен қайта қаралып, жетілдірілді. Сапа менеджмент жүйесін енгізу білім беруді басқарудың отандық, әлемдік тәжірибелердегі озық менеджментін игеруді іске асыруға мүмкіндік береді.

2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мазмұнына өлшемшарттар:

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК соңғы жеті жылғы кәсіби білім нарығында өз қызметін төмендегі құжаттарға сәйкес жүргізді:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығымен бекітілген «Педагог» кәсіптік стандарты негізге алынды.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 988 қаулысына сәйкес колледждің 2020 жылдың 20 қаңтардағы №4 педагогикалық кеңесінің хаттамасымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-да білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді.

3. Биылғы оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізінде 2021 жылдың 19 қарашасындағы №3 Педагогикалық кеңесінің хаттамасымен «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК «Білімді ұлт» Сапалы білім беру» ұлттық жобасына сай 2022-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасы» бекітілді

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің 2023-2029 жылдарға арналған кәсіби педагогикалық білімді дамыту тұжырымдамасы 2022 жылдың 11 қарашасында №2 Педагогикалық кеңесінде талқыланып бекітілді.

Тұжырымдаманың мақсаты:

1. «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес оқу жұмыс жоспарлары (ОЖЖ) мен білім беру бағдарламаларын (БББ) тиісті құқықтық нормативтік актілерге сай сапалы даярлау және үнемі жетілдіріп отыру;

2. Білім менеджментін одан әрі дамыту, персоналды басқарудың жаңа

тиімді тәсілдерін меңгеру және ұжымға үйретудің жаңа жобаларын іске асыру;

3. Кәсіби педагог мамандар даярлауда педагогикалық ұжымның ғылыми-әдіснамалық, инновациялық технологияларды меңгеру бағытында сапалы әрі тиімді іс-шараларды жоспарлау;

4. Академиялық еркіндік, академиялық адалдық, студентке бағытталған білім берудің сапасын қамтамасыз етуді жаңа дейгейге көтеру;

5. Колледждің студент жастарын әлеуметтендіру бағытында мемлекетшілдік сананы қалыптастыру, тұлғалық эмоционалдық интеллектіні жан-жақты жетілдіру мәселелерінде жаңа сапалық нәтиже беретін рухани-ізгілік жұмыстарды іске асыру;

6. Колледжде білімнің отандық және әлемдік интеграциялық байланысын жетілдіру бағытында жаңа халықаралық біріккен жобаларды жобалау және игеру жолдарын іздестіру;

7. Облыстағы, Республикадағы алдыңғы қатардағы рейтингін одан әрі көтеру мақсатында колледждің материалдық-техникалық базасын сапалы және тиімді жетілдіре беру.

Колледждің кәсіби педагогикалық білімді дамыту тұжырымдамасы негізінде әр оқу жылына кешенді жылдық жұмыс жоспарын әзірлеп, колледж басшысы бекітеді. Әр оқу жылының соңғы педагогикалық кеңес отырысында кешенді білім бағдарламасының орындалуы жөнінде есептер тыңдалады, яғни мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, жұмыс-оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуы, педагогикалық практика, тәрбие жоспарының орындалуы, ғылыми-инновациялық жұмыстардың орындалуы қаралады. Сонымен қатар, келесі оқу жылына колледж ұжымының ғылыми-әдістемелік тақырыбы талқыланып, бекітіледі. Биылғы оқу жылының тақырыбы «Педагог» кәсіптік стандартына сай кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз ету».

Кешенді жұмыс жоспарынан бағыттар бойынша айлық жоспарлар жасалып, жүзеге асырылады. Кешенді жылдық жоспар мазмұнына:

- өткен оқу жылдың мақсаттық индикаторлар нәтижесі мен атқарылған жұмыстардың SWOT-талдамасы;

- колледж кеңестерінің жоспарлары;

- білім стандарты мен оқу бағдарламаларын іске асыру;

- кәсіби бағдар беру және әлеуметтік серіктестіктермен жұмыс;

- ғылыми-әдіснамалық және инновациялық жұмыс;

- білім алушыларға арналған рухани-өнегелілік, саяси-әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру;

- «Білім» бейіні бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары:

- ISO 9001:2015/ҚР СТ ISO 9001:2016 стандарттары бойынша колледждегі жүйелілік менеджменті;

- әр жыл бойынша колледжді бітірушілер туралы статистикалық мәлімет енеді.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесіне сәйкес әзірленген және бекітілген оқу жылына арналған жұмыс жоспарының (қызмет бағыттары бойынша) болуы жәнетехникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес күнделікті сабақ жоспары әзірленіп, College SmartNation бағдарламасына салынады.

4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры, 5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры, 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі, 5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі, 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры, 4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі, 5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі, 5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді оқытылады. Теориялық оқу, зертханалық-практикалық сабақтар жүргізіліп, оқу, өндірістік, кәсіптік практикалардан жүйелі өтіп отырады. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды бақылауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізіледі. Жұмыс оқу бағдарламалары мен жоспарларына сай курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмыс жазылып, қорғалады.

2. Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде жұмыс берушілердің қатысуымен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты «Педагог» кәсіптік стандарты талаптарының негізінде 7 мамандық 14 біліктілік бойынша білім беру бағдарламалары әзірленіп, оқу процесінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартына сәйкес топтарда 24 және одан да көп білім алушылар болған жағдайда жалпы білім беру пәндерін өткізуде кіші топтарға бөлуге рұқсат етіледі:

- 1) шетел тілінде;
- 2) информатикада;
- 3) дене тәрбиесінде.
- 4) қазақ тілі (қазақ тілінің практикумы)

Сонымен қатар әр мамандықтық үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес арнайы пәндері кіші топтарға бөлінген. Мамандық бойынша әзірленген жұмыс-оқу жоспарының негізінде сабақ кестесі әзірленіп, топшаға бөлінген топтар айқындалып көрсетілген.

3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру стандарты 1, 2-қосымшаларына сәйкес, колледжде оқу жоспарының моделі негізінде әр біліктілікке оқу жұмыс жоспарларының әзірленді.

4. Бұл топтардағы оқу және кәсіптік практика сағаттары кәсіптік модульдің кемінде 40%-ын құрайды. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, оқу жоспарының барлық пәндері және модульдері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары даярланып, қолданысқа енді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының ТжКОББ кадрлар даярлау бөлігі; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен 06.06.2023 № 161 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, орта білімнен кейінгі білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (5-қосымшасы) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы №1 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ 2023-2024 оқу жылының басына техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар (Қосымша 1, 2023 жылғы 28 наурызда РОӘК отырысында мақұлданды) ескере отырып 2023 жылдың 30 маусымында эксперименталды жоба ретінде 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы, 4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігі бойынша «Талап» КЕАҚ тізіліміне енгізілді.

6. Колледжде Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы №1 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 қаңтарда № 31666 болып тіркелді) негізінде 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі, 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 4S01140605 Шетел

тілі мұғалімі біліктіліктері, 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі, 4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі біліктіліктері қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша стандартты оқыту деңгейлеріндегі пәндердің тізбесі мен көлеміне сәйкес міндетті жалпы білім беретін пәндер оқытылады.

7. Қолданбалы бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына жекелеген модульдерді енгізе отырып, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетімен және М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Университетімен ынтымақтастық меморандум негізінде интеграцияланған білім беру бағдарламалары жасалды. Базалық модульдер мен кәсіптік модульдер мамандық ерекшеліктеріне сай оқытылады.

8. Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндерге байланысты базалық модульдер оқытылады.

9.

Колледжде теориялық оқытумен қатар өндірістік оқыту мен кәсіптік практика жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес оқу (кәсіптік дағдыларды игеру бойынша), өндірістік және дипломалды кәсіптік тәжірибе түрлері қарастырылған.

Кәсіби білім беру саласында педагогикалық практика болашақ мамандардың өздері таңдаған кәсіптерін практика жүзінде, тереңірек танысып көруіне негізделіп ұйымдастырылады.

- Педагогикалық практикалар болашақ ұстаздардың теориялық білімдерін шынайы педагогикалық процесс жағдайында шығармашылықпен іске асырып, өздерін педагог ретінде сынап көрулеріне, болашақ кәсіптерінің қыр-сырымен тереңірек танысуларына бағытталған.

- Педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерліктері мен кәсіби құзіреттерін дамытудағы және қалыптастырудағы колледждегі педагогикалық процестің ажырамас бір бөлігі.

- Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлықтарының сапасын жоғарлатуға бағытталған педагогикалық практиканың білім сапасын қамтамасыз етудегі мүмкіншілігі өте жоғары.

Кәсіптік практиканың мақсаты:

Білім беруді ізгілендіру, демократияландыру, және интеграциялау идеяларын ендіруге, оқу орнының педагогикалық процесіндегі болашақ мұғалімнің тұлғалық, белсенді-шығармашылығын, болашақ педагогтің кәсіби құзырлығын қамтамасыз етуге жағдай жасайтын оқу орнындағы оқу-тәрбие іс-әрекетінің барлық жүйесін бағдарлауға; оқу-тәрбие жұмысын шығармашылықпен ұйымдастыруға жағдай жасау.

Кәсіптік практиканың міндеттері:

- Педагог мамандығының әлеуметтік мәнін және оның оқушы тұлғасын қалыптастырудағы әсерін студенттердің сезіне білуі.

- болашақ педагогтің кәсіби құндылығын, педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру.

• WorldSkills стандартына сай барлық мамандықтардың білім мазмұнын кәсіби біліктілік дағдыларын игеру бағытына бейімдеу жұмыстарын іске асыру.

Кәсіптік практиканың мазмұны:

Бекітіліген нормативтік құжаттарға сәйкес әртүрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелерінің жұмыс жүйесімен таныстыру.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандартына», психологиялық-педагогикалық пәндердің кешендеріне сәйкес, студенттерді оқытудың барлық кезеңдерінде әрбір курста үздіксіз педагогикалық практика өткізіледі және мыналарды қамтиды:

1. Білімді реформалау жағдайында мектеп жұмысының негізгі бағыттарымен таныстыру

2. Мемлекеттік стандартпен, мамандық бойынша оқу пәнінің типтік бағдарламаларымен таныстыру

3. Мектептегі тұтас педагогикалық процестегі басқару жүйесі мен таныстыру

Болашақ педагог мамандардың педагогикалық қызметті меңгеруі теориялық оқу мен практикалық тәжірибе өзара байланыста болғанда жүзеге асады. Әр тәжірибенің түріне білім алушыларды жіберу туралы бұйрықтар, тәжірибеден өту туралы әдіскерлердің есептері, сабақ кестелері жасалады. Кәсіптік дағдыларды игеру мақсатында педагогикалық және дипломалды практика кезінде білім алушылар тарапынан үлгі сабақтар ұйымдастырылады. Арнайы үлгі сабақтар кестесі бекітіліп, әдіскерлер қатысады. Әлеуметтік серіктестер шеңберінде педагогикалық практиканы ұйымдастырудың тиімді әдістері анықталады, практиканы өткен жерлері бойынша колледж оқушыларын жұмысқа орналастыру да жүзеге асырылады. Мектеп мұғалімдері әдіскерлер ретінде жұмысқа жұмылдырылады, бөлімнің оқытушылары мен студенттеріне арналған оқу және әдістемелік семинарлардың өткізілуіне қатысады.

Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледждегі ұзақ мерзімді және үздіксіз практика болашақ мамандардың кәсіби педагогикалық іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Педагогикалық практиканы сапалы түрде ұйымдастыруға және мазмұнды өткізуге оқу орнында барлық жағдайлар жасалған. Атап айтсақ, заманауи әдістемелік дәрісханалар, көп жолақты интернет желіс, колледж типографиясы, Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасы. Оқу орнымызда мектепке дейінгі бөлім студенттеріне арналып жабдықталған заманауи BILIM ALU JÄNE QŪZIRETTILIK KAMPUSY – Білім алу және құзіреттілік кампусы ашылды. Студенттердің теориялық алған білімдерін практикамен ұштастыруға бағытталған кәсіптік құзіреттілік алаңы 5 модуль бойынша жұмыс жасайды. Кәсіптік құзіреттілік алаңы - балаларды күту және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыру үшін санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, мектеп жасына дейінгі балалармен білім беру-тәрбиелеу қызметін ұйымдастыруға және бос уақытты тиімді өткізуге қатысу сынды кәсіптік модульдерді меңгертуге арналған. Практикаға жетекшілік жасауға тәжірибелі оқытушылар тағайындалып, олар педагогикалық практиканың алдында барлық машықтану түрлерінен студенттерге оқу практикасын

ұйымдастырып, оларға байқау сабақтары және тәрбие жұмыстары бойынша әдістемелік кеңестер беріп, басшылық жасайды.

Бала тәрбиесіне болашақ педагог-мамандарды даярлауда «Педагогикалық қызметке кіріспе», «Сыныптан тыс жұмыс технологиясы» атты педагогикалық практикалар маңызды рөл атқарады. Практика кезінде студенттер сынып жетекшісінің көмекшісі ретінде жұмыс жасап, өздерінің мамандықтары бойынша үйірмелер ұйымдастырады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы барысында білім алушылар тәрбие жұмысының әдістемесінің қырысын меңгеріп, психологиялық-педагогикалық байқау, талдау жасауға үйренеді. Сыныптан тыс жұмыстың негізгі міндеті – пән бойынша сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. Практиканың бұл түрі студенттердің ұйымдастыру, коммуникативті қабілеттерін дамытады, кейін байқау сабақтарын тиімді өткізуге әсерін тигізеді. Білім алушыларымыз кәсіптік практика кезінде мектеп, балабақшалардан үнемі алғыс хаттарға, пікірлерге ие болып келеді.

Жазғы практика Ақмола облысының аудандарындағы мектеп жанындағы алаңдарда және балаларды сауықтыру орталықтарында өткізіледі. Бұл – практиканың алғашқы өздік түрі. Мұндай практика студенттердің жазғы еңбек пен демалыс жағдайында өздерінің белсенділік, шығармашылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетулерін талап етеді.

Жазғы практикадан сапалы түрде өту үшін III курстың студенттері «Жайдарлы жаз» атты тәлімгерлерге нұсқау беру орталығында студенттер оқу жылы барысында «I шуақ» педагогикалық жасағының жетекшілігімен үздіксіз дайындықтан өтеді. Дайындық барысында студенттер тренингтерді, іскерлік ойындарды жүргізуге, проблемалық жағдайларды шешуге үйренеді, бумалар дайындайды, студенттерде практикаға қажетті біршама дидактикалық материалдар жинағы болады: ойындар, сценарийлер бумасы, нұсқаулық құжаттамалары мен күнделіктердің үлгілері. Студенттердің практикаға нәтижелі дайындықтары алғыс хаттар, үздік мінездемелер, мадақтаулар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар «I шуақ» педагогикалық отряды үнемі облыстық және республика көлеміндегі өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысып келеді. 2022-2022 оқу жылында 22-25 сәуір аралығында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында Педагогикалық жасақтардың Республикалық жиынына колледжіміздің студенттерінен жасақталған «I шуақ» педагогикалық жасағы қатысып, дипломмен марапатталды.

Оқу жылының басында машықтану кестесіне сай оқу, педагогикалық және өндірістік диплом алдындағы практиканың жауапты әдіскерлері бекітіледі. 2, 3, 4 курс студенттері теориялық білімдерін практикамен ұштастыру мақсатында педагогикалық машықтануды қаланың білім мекемелерінде өтеді. Әр практика аяқталғаннан кейін пікір, алғыс хаттар талданады. Әр практика басында және соңында конференциялары ұйымдастырылады.

Педагогикалық практиканы табысты өткізу үшін оқу жылының басында колледж әлеуметтік серіктестіктермен келісімшартқа отырады. Колледждің әлеуметтік серіктестіктерінің саны жыл сайын артуда. Оқу

орнымыз әр жылда Ақмола облысы бойынша 2 мектеп, 2 балабақша, 1 арнайы мектеп мекемелерімен меморандумға отырып, әдістемелік семинарлар ұйымдастырды.

Жыл сайын қамқоршылдық кеңесте студентке бағытталған жұмыстар бойынша жыл сайын әлеуметтік серіктестіктер алғыс хат, арнайы номинацияларға ұсынылады.

Педагогикалық практика қорытындысы бойынша мектептер мен балабақшаларда шағын педагогикалық кеңестер өткізіліп, студенттердің жұмыстарына қорытынды жасалып, хаттама жазылады. «Баланың мектептегі алғашқы күндері», фольклорлық, байқау және өндірістік диплом алдындағы практика түрлері бойынша бөлімдерде конференциялар ұйымдастырылып, өткізіледі. Конференция барысында студенттер есеп беруімен қатар, практикада кездескен қиындықтарды ортаға салып, бірлесе шешуге тырысады. Бітіруші мамандардың кәсіби сапасын анықтау мақсатында 4 курс студенттер арасында өндірістік диплом алдындағы практикадан кейін портфолио қорғауы ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығының 2-ші қосымшасына сәйкес кәсіптік практиканы ұйымдастыруда үш жақты келісім шарт жасалады. Төменде 2022-2023 оқу жылына жасалған келісімшарттар саны көрсетілген:

Келісімшарттар тізбесі 2022-2023 оқу жылы

Қала мектептері	Балабақшалар	Спорттық, арнайы мектептер	Жазғы сауықтыру орталықтары
№1, №2, №3, №4 №5 №6, №8, №11, №12, №13, №16, №17, №18, IT, №19,	№1 «Арман», №4 «Еркемай», №5 «Қуаныш», №6 «Нұрай», №7 «Айша», №10 «Алтын бала», №17 «Көктем», №19 «Нұр-бала», №20 «Зерек», «Ю.Гагарин атындағы №33 б/б, №35 «Болашақ»	1.Көкшетау қаласы, №1 арнайы мектеп-интернаты 2. Мейірім орталығы	1. «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы 2.М.Ғабдуллин атындағы сауықтыру лагері 3.«Сұңқар» балаларды сауықтыру орталықтары
15	11	2	3

Колледжде дайындық сапасы дәстүрлі және инновациялық тәжірибеге бағытталған оқыту түрлері мен технологияларын шығармашылық қолдану арқылы шешіледі. Оқытудың тәжірибеге бағытталған түрлерін жүзеге асыру құзыреттілік және басқа тәсілдер негізінде оны шешудің әртүрлі нұсқаларын қамтиды, төмендегі ұйымдастырылған іс-шаралар, шеберлік сабақтар, озат тәжірибемен бөлісу болашақ маманның кәсіби шыңдалуына негіз болды.

2023 жылдың 26 сәуір күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде «Түлектер жәрмеңкесі – 2023» іс-шарасы өтті. Аталмыш жәрмеңкеге 28 қала және аудандық білім мекемелерінің басшы өкілдері және түлектер қатысты. Атап айтсақ, Ақмола облысының білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Жасыл ауылының негізгі орта мектебінің директоры Амержанов Бекжан Жолтайұлы, Көкшетау қаласының №1 мектеп-гимназиясының директоры Нурканова Сандуаш Казиевна, №22 жалпы орта білім беретін мектебі директорының міндетін атқарушы Омарова Гульнара Сагинтаевна, Степногорск қаласының «Балдырған» №2 балабақшасының басшысы Идрисова Гульнар Кенжебековна, Степногорск қаласының «Еркетай» №5 балабақшасының басшысы Кривенко Татьяна Ивановна, Степногорск қаласының «Балауса» балабақшасының басшысы Калайдарова Ботагоз Байкешевна, Астрахан ауданына қарасты Бірлік ауылдық негізгі мектебінің директоры Досанов Ғалым Болатұлы, Астрахан ауданына қарасты Степное негізгі орта мектебінің директоры Богинская Елена Александровна, Астрахан ауданының Ұзынкөл негізгі орта мектебінің директоры Нұржанов Дархан Жаксылықұлы, Бурабай ауданындағы Наурызбай батыр орта мектебінің директоры Абжанов Руслан Маратұлы аталмыш іс-шарадан қалыс қалмады. Дидарласу алаңында филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ұстазы, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры Ахат Нұртас Ахатұлы іс-шараның маңыздылығын атап өтті. Директордың практика жұмысы жөніндегі орынбасары Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы «Педагогтың кәсіби дайындығы мен еңбек дағдыларының интеграциясы» тақырыбындағы баяндамасын қорғап, педагогтың кәсіби дайындығы шеңберінде жұмыс берушілермен өзара іс-әрекетті негізге алып, әлеуметтік серіктестер үшін артықшылықтарды жіктеп көрсетті. Колледж әдіскері Тұрлыбекқызы Мәншүк өз сөзінде мектеп бағдарламалары мен педагогтың кәсіптік стандарты сабақтастығын негіз етсе,



Красный Яр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, колледждің 2014 жылғы түлегі Кашкевич Надежда Сергеевна «Ұлттық тәрбие – оқушы тұлғасын қалыптастырудың алғышарты ретінде» тақырыбындағы баяндамасын қорғады. Сондай-ақ колледждің арнайы пәндер оқытушысы, педагог-зерттеуші Заманбекова Әлия Заманбекқызы «Цифрлық құзыреттілік – кәсіби маман даярлау негізі» екендігін дәлелдеді. Директордың практика жұмысы жөніндегі орынбасары Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы түлектер бойынша статистикалық ақпарат

беріп өтті. Сонымен қатар бөлім меңгерушілері мамандық құзіреттілігі бойынша колледжішілік саяхат жүргізді. Трансверсалды дағды алаңында «Мекемелер жарнамасы: интерактивті воркшоп аясында түлектер болашақ жұмыс берушілермен тікелей әңгімелесуге мүмкіндік алады» тақырыбында Ақмола облысы аудандық білім бөлімдерінің мамандарымен жеке кездесулер жүргізілді. Іс-шараның қорытынды бөлімінде «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың қолданбалы бакалавры» біліктіліктері бойынша Зеренді ауданына қарасты Шағалалы ауылы «Балдырған» бөбекжайының әдіскері, колледждің 2020 жылғы түлегі Иват Үмитгүл, «Бастауыш білім беру мұғалімі», «Бастауыш білім берудің бакалавры» біліктіліктері бойынша 2023 жылғы түлек Алтынбекқызы Тоғжан, «Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі», «Негізгі білім берудің қолданбалы бакалавры (қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі)» біліктіліктері бойынша 2023 жылғы түлектер Атығай Аружан мен Ахметжанова Назерке, «Дене тәрбиесі мұғалімі» мамандығы бойынша 2023 жылғы түлек Амирсайн Сағындық, «Мектепке дейінгі және негізгі орта білім беру ұйымдарындағы музыка пәнінің мұғалімі» мамандығы бойынша 2023 жылғы түлек Ақбарова Жұлдыз, «Шетел тілі мұғалімі», «Негізгі білім берудің қолданбалы бакалавры (шетел тілі мұғалімі)» біліктіліктері бойынша «Шетел тілі» кафедрасының меңгерушісі, педагог зерттеуші Ташенова Айжан Қадырбайқызы, «Информатика мұғалімі», «Негізгі білім берудің

қолданбалы бакалавры (информатика мұғалімі)» біліктіліктері бойынша Әл-Фараби атындағы ІТ лицейі директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Амангелді Айжан озат тәжірибемен бөлісіп, насихаттау жұмыстарын жүргізді. Жәрмеңкеде арнайы сауалнама жүргізіліп, онда «Жұмыс орны қандай мамандықтарды қажет етеді?», «Болашақ маманға қоятын талаптарыңыз қандай», «Болашақ маманның бойында қандай негізгі дағдылары болуы керек?» және «Оқу орны мамандар даярлауда жұмыс берушінің қандай талаптарын

ескеруі керек?» деген сұрақтарға жауап алынды. Айта кету керек, жалпы 255 түлектің 119-ының арнайы сертификаты бар.

«ЖАЙДАРЫ ЖАЗ – 2023» АТТЫ ТӘЛІМГЕРЛІК НҰСҚАУ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ АШЫЛУ САЛТАНАТЫ

2023 жылдың 29 сәуір күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде «Жайдары жаз – 2023» атты тәлімгерлік нұсқау беру орталығының ашылу салтанаты өтті. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана – сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ұстазы, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің директоры Ахат Нұртас Ахатұлы ашылу салтанатында жас таланттарға ерік-жігер беріп, жауапты істеріне сәттілік тіледі. Сондай-ақ



колледж директорының практика жұмысы бойынша орынбасары Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы тәлімгерлік жұмыстың маңыздылығын айтып, жоспармен таныстырып, мәлімет берді. Колледждегі 7 мамандық бойынша III курс студенттері 13 педагогикалық жасаққа бөлінді. Атап айтсақ, «Адмирал», «Барыс», «Жалын», «Арқаның тарландары», «Қыран», «Муза», «Алаш», «Шекер», «Болашақ», «Сұңқар», «Бір үйдің балалары», «Flamingoes» және «Logo girls» жасақтары өз қарым-қабілеттерін көрсетеді. Студенттерге «Айшуақ» педагогикалық жасағының жетекшісі «Педагогикалық жасақтардың кәсіби қызметін ұйымдастырудың стилі» тақырыбында кешенді шеберлік сабағы өткізді. Іс-шарада тәлімгер имиджі, жазғы сауықтыру лагерінің пайдасы, лагерьдегі қауіпсіздік ережелері және лагерьде төтенше жағдайдан сақтану жолдары т.б. сұрақтарға жауап берілді.

Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі

Ағымдағы жылдың 22 ақпан күні Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі «Педагогика, психология және жеке пәндер әдістемесі» кафедрасының оқытушысы Секенова Балкүміс Байжанқызы «Бастауыш мектеп» бөлімінің IV курс студенттерімен бірлесіп,



Көкшетау қаласындағы №1 арнайы мектеп-интернатына экскурсия жасады. Басты мақсат – білім алушылардың «Инклюзивті білім беру негіздері» пәні бойынша жинақтаған теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру. Бұл арқылы студенттердің педагогикалық дүниетанымдары кеңейіп, әлеуметтік-психологиялық білімдері тереңдейді. Сондай-ақ болашақ кәсіби маман бастауыш мектеп мұғалімі қызметіне үздіксіз дайындалады. Экскурсия барысында мектеп директоры Бурдинская Ольга Владимировна студенттерге мектептің қажеттілігін баса айқындаса, экскурсовод Дзариева Наталья Петровна іштегі жұмыс барысымен толық таныстырды. Оқу орнының басшысы білім алушыларды түлек атанған соң, мекемедегі қызу еңбекке араласуға шақырды. Айта кету керек, мұнда қазақша 2 сынып бар. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік мәселелер: отбасылық, экологиялық, экономикалық дағдарыстар жүйке жүйелері бұзылған, әртүрлі психикалық-физикалық аурулары бар, жас ерекшелігі әртүрлі балалардың көбеюіне әкеліп, соқтырып отыр. Сол



үшін «Инклюзивті білім беру негіздері» өте қажетті пән болып саналады. Инклюзивті білім беру кезінде бастауыш мектеп бағдарламасының қолжетімділігін қамтамасыз ету керек.

2018 жылдан бастап алғаш рет Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептері мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында «Мамандықтар әлемін ашамыз» облыстық форумы ұйымдастырылып келеді. Соңғы үш жыл ішінде жоғарыдағы аталымдар бойынша Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі жүлделі орындарға ие болып келеді. Атап айтсақ, 2022 жылы Ақмола облысының жалпы білім беретін мектептері мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында «Мамандықтар әлемін ашамыз» V облыстық форумда «Мамандықтар автобуы» номинациясы бойынша колледж 2 дәрежелі дипломға ие болды.



Кәсіптік практиканың мазмұны модельденеді және оқу іс-әрекеті болашақ педагогтің кәсіби қызметіне айналады – студенттердің педагогикалық еңбектің, кәсіптің құндылықтары, мәні туралы түсініктерін кеңейтетін, олардың қызметін жандандыратын және педагогикалық кәсіпті игеруге деген ынтасын арттыратын ынтымақтастық хаб болып табылады.

Кәсіптік практика студенттердің психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, пәндік білімдерін тереңірек түсінуге және оқыту мен тәрбиелеу дағдыларын табысты қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді. Оқытудың аралас және гибриді түрлерін қолдану, цифрлы форматтардың артықшылықтарын біріктіруді көздейді, сондықтан болашақ маманның әдістемелік дайындығы және технологиялық жарақтандырылуы жағдайында кәсіби даярлықтың жоғары тиімділігіне қол жеткізеді.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы №125 бұйрығының 2-қосымшасының негізінде жүзеге асырылады. Ағымдағы бақылау пәндер немесе модульдер бойынша практикалық және семинарлық

сабақтар жоқ болған жағдайда, оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмалар, рефераттар, эссе) тексеруі арқылы, оның ішінде оқытудың жеке траекториясын ескере отырып жүзеге асырылады. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды жүргізу нысандарын педагог оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып анықтайды. Білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу пәндерінің немесе модульдерінің тізбесі мен нысанын оқу жұмыс жоспарларына сәйкес белгіленеді және оқу жылының басында оқу процесінің кестесіне енгізіледі. Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі пән бойынша емтихандар өткізіледі. Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар «Жалпы білім беретін пәндер» модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі.

Оқу орнында білім алушыларды аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жұмыстарды қорғау, практика бойынша есептер, сынақтар және емтихандар нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жұмыстарды қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі. Егер ағымдағы семестрдің оқу жоспарында аталған пән немесе модуль бойынша емтихан немесе қорытынды сынақ түрінде аралық аттестаттау қарастырылмаса, сынақтар келесі семестрге ауысқан пәндер немесе модульдер бойынша өткізіледі. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің немесе модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларының негізінде жасалады. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды оқытушылар курс аяқталған соң үлгерімді ағымдағы бақылау бағаларының негізінде қояды. Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жұмыстар пәнді, соның ішінде модульге біріктірілген пәнді оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі. Аралық аттестаттауға әрбір пән немесе модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, және курстық жұмыстарды, сынақтарды толық орындаған және ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағасы жоқ білім алушылар жіберіледі. Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен көшіріледі.

Білім алушылардың оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалауда ағымдағы бақылау, аралық бақылау тест тапсырмалары және билет сұрақтары бойынша, ал қорытынды аттестаттау WorldSkills кәсіптік стандарты негізінде демонстранциялық емтихан түрінде және тест тапсырмалары арқылы жүргізіледі.

4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры

Модуль А. «Мектепке дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу»

Тапсырма. Балалардың шағын тобымен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін әзірлеу және өткізу

- ҰІӨ SMART-мақсатын анықтау.
- ҰІӨ бірыңғай бейнелі жүйесін әзірлеу.
- ҰІӨ технологиялық картасын әзірлеу және рәсімдеу.

В модулі. Кіріктірілген модулі. «Көркемдік-эстетикалық дамыту» және «Ата-аналармен өзара қарым-қатынас»

Тапсырма:

- Мерекеге арналған ақпараттық-таныстыру тақтасының макетін дайындау, мақсаты мен міндеттерін анықтау.
- Балалардың жас ерекшеліктеріне және тақырыпқа сәйкес мерекеге арналған ақпараттық-таныстыру тақтасының макетін дайындау үшін мазмұнды таңдау.
- Жоспарды іске асыру үшін материалдар мен құрал-жабдықтарды таңдау.

***5AB01130101 Логoped қолданбалы бакалавры,
Модуль А. «Дыбыс қою және машықтандыру»***

Тапсырма «Балалармен жеке ұйымдастырылған логопедиялық жұмыс түрін әзірлеу және өткізу. (жеке бағдарламалар, артикуляциялық жаттығулар, тыныс алу жаттығулары, нейро жаттығулары, дыбысты қою әдістері, машықтандыру (буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде, жаңылтпаштар мен тақпақтарда), ұсақ қол моторикасына ойындар мен тапсырмалар).

1. Логопедиялық жұмыс мақсатын анықтау.
2. Логопедиялық сабақтың жоспарын әзірлеу және рәсімдеу.
3. Балалармен жеке ұйымдастырылған логопедиялық жұмыс түрін өткізу.

В модулі. «Күрделі тіл бұзылыстары».

Тапсырма: Күрделі тіл бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін практикалық жұмыс түрлері» (дизартрия, ринолалия, алалия, афазия, тұтығу).

- Күрделі тіл бұзылыстары бар (дизартрия, ринолалия, алалия, афазия, тұтығу) балалармен жүргізілетін практикалық жұмыс түрлерінің мақсаты мен міндеттерін анықтау.

- Таңдалған күрделі тіл бұзылыстары бар (дизартрия, ринолалия, алалия, афазия, тұтығу) балалармен жүргізілетін практикалық жұмыс түрлерін жүргізудің жоспарын дайындау және қажетті құрал-жабдықтарды әзірлеу.

- Таңдалған күрделі тіл бұзылыстарына арналған практикалық жұмысты ұйымдастырып өткізу.

4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры

А модуль:

Тапсырма: Мектеп жасындағы білім алушылар үшін дене шынықтыру бойынша оқу сабағының негізгі бөлімін әзірлеу және өткізу.

Мақсаты: мектеп жасындағы білім алушылармен оқу сабақтарын әзірлеу және өткізу іскерліктерін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: Дене шынықтыру және спорт саласындағы маман білім алушыларға арналған оқу сабақтарын ұйымдастырады және өткізеді.

Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 150 минут.

Тапсырманы ұсыну уақыты: 15 минут

Тапсырма: Мектеп жасындағы білім алушылар үшін дене шынықтыру бойынша оқу сабағының негізгі бөлімін әзірлеу және өткізу.

1. Гимнастика және оны оқыту әдістемесі

Сенімділік қабілетін жақсарту үшін тактикалық, стратегиялық, құрылымдық идеялар-мен тәжірибе жасау

2. Жеңіл атлетика және оны оқыту әдістемесі

Ағзаға тиімді қысқа және ұзақ мерзімді қарқындылығы бар жаттығуларды талқылау

3. Спорттық ойындар және оны оқыту әдістемесі

Түрлі дене жаттығулары аясында және жағдаяттарда үйлесімділік пен бірізділікті ойлап табу және қолдану

В модуль:

Тапсырма: Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі шеңберінде шеберлік сыныбын әзірлеу және өткізу.

Мақсаты: дене шынықтыру-спорттық іс-әрекетті жүргізу кезінде қимыл қимылдарына оқытудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін, дене қасиеттерін дамыту әдістемесін пайдалану, дене жүктемесін жеке адам ағзасының функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкес мөлшерлеу.

Нысанның сипаттамасы: дене шынықтыру-сауықтыру қызметі саласындағы мәні, мақсаты, міндеттері, функциялары, мазмұны, нысандары мен әдістері, дене шынықтыру-спорттық іс-шаралар мен сабақтарды жоспарлауға және өткізуге қойылатын талаптар.

Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 120 минут

Тапсырманы ұсыну уақыты: 10 минут

Тапсырма: Дене шынықтыру-сауықтыру қызметі шеңберінде шеберлік сыныбын әзірлеу және өткізу.

1. Тренажер залында жұмысты ұйымдастыру әдістемесі

Тренажер залында жұмысты ұйымдастыруда басты жаттығуларынан шеберлік сыныбын ұйымдастыру қабілетін көрсету.

2. Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы дене тәрбиесі нұсқаушысы

Дене шынықтыру-спорт және сауықтыру қызметі саласында шеберлік сыныбын ұйымдастыру және өткізу қабілетін көрсету.

3. Спорттық көпшілік шараларды ұйымдастыру.

Заманауи технологияларды пайдалана отырып, халықтың әртүрлі жас топтарын СӨС-ке тарту бойынша экспресс-консультациялар әзірлеу және өткізу.

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі, 5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

А модуль:

Тапсырма: Интерактивті жабдықты пайдалана отырып, бастауыш 2 сынып қазақ тілі, математика, дүниетану пәндері бойынша (пәндердің бірін таңдай отырып) оқу сабағының үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңі) әзірлеу, әдістемелік қамтамасыз ету және өткізу.

A1. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру

Мақсаты: Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру қабілетін көрсету. Нысанның сипаттамасы: интерактивті құрал-жабдықтарды пайдалана отырып, сабақ үзіндісінің (жаңа білімді ашу кезеңі) қысқа мерзімді жоспары.

Тапсырма:

1. Сабақтың үзіндісінің мақсаты мен міндеттерін анықтаңыз;
2. Сабақ үзіндісінің кезеңдерін, сәйкес тапсырмаларды және жоспарланған нәтижелерді анықтаңыз;
3. Сабақтың фрагментінің құрылымы мен барысын әзірлеу;
4. Қысқа мерзімді жоспарға деректерді енгізіңіз (1-қосымшаны қараңыз);
5. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын басып шығарыңыз және оны мамандарға ұсыныңыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі, бастауыш класта математиканы оқыту әдістемесі (студенттер 2 сағат қысқа мерзімді жоспар жазып, 15 минут сабақ береді)

В модуль:

Жаратылыстану және дүниетануды оқыту әдістемесінен тапсырмалар орындайды.

Тапсырма: Оқу пәндерінің бірінде белгілі бір тақырыпты меңгеруді қамтамасыз ететін деңгейлік оқыту тапсырмаларын әзірлеу және көрсету.

Мақсаты: білімді меңгеру деңгейлеріне сәйкес белгілі бір тақырып бойынша оқу тапсырмаларын құрастыра білуді көрсету.

Нысанның сипаттамасы: оқу тапсырмалары

Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 1 сағат 30 минут

Тапсырманы ұсыну уақыты: 10 минут (қатысушы инфрақұрылымдық парақта көрсетілген бағдарламалық құралды пайдаланады)

Тапсырма:

1. Білімді игерудің әрбір деңгейі бойынша тапсырмалардың мақсатын анықтаңыз;
2. Білімді игерудің әрбір деңгейі бойынша оқу тапсырмаларының мазмұнын анықтаңыз;
3. Мәтіндік тапсырмалар, оларға әдістемелік түсініктемелер және студенттердің күтілетін жауаптары түрінде дайындаңыз;
4. Сөйлемнің сүйемелдеуін дайындаңыз (презентация);
5. Орындауға қажетті жабдықты дайындаңыз.

4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі

А модуль

Мектептегі музыка әдістемесі (студенттер 2 сағат қысқа мерзімді жоспар жазып, 15 минут сабақ береді)

Тапсырма: 1. Музыка пәні бойынша оқу сабағының (жаңа материалды оқыту кезеңі) дайындау және өткізу

2. Сабаққа қажетті оқыту құралдарын әдістемелік, дидактикалық материалдарын қолданып, музыка пәні бойынша (жаңа материалды оқыту кезеңін) өткізу.

Мақсаты: 1. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құра білу қабілетін көрсету

2. Музыка пәні бойынша оқу сабағының дайындау және өткізу
Нысанның сипаттамасы: сабақ фрагменті (жаңа білімді игерту кезеңі).
Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 120 минут
Тапсырманы ұсыну уақыты: 20 минут

Тапсырма:

- 1-6-сыныптардағы музыка пәні бойынша оқу сабағының (жаңа материалды оқыту кезеңі) жоспарын құру.
2. Сабаққа қажетті оқыту құралдарын әдістемелік, дидактикалық материалдарын қолданып, музыка пәні бойынша (жаңа материалды оқыту кезеңін) өткізу

В модуль:

Балабақшадағы музыка сабағын ұйымдастыру және өткізу

Тапсырма: Балабақшадағы музыка сабағын ұйымдастыру және өткізу

Мақсаты: 1. Сабақтың технологиялық картасын құра білу қабілетін көрсету

2. Музыка сабағын дайындау және өткізу

Нысанның сипаттамасы:

Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 120

Тапсырманы ұсыну уақыты: 20

Тапсырма:

1. Балабақшадағы ересек топтағы балаларға арналған музыка сабағының тех. картасын құру.

2. Сабаққа қажетті оқыту құралдарын әдістемелік, дидактикалық материалдарын қолданып, балабақшадағы ересек топтағы балаларға арналған музыка сабағын өткізу

4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры

А модуль:

Қазақ тілін оқыту әдістемесі, әдебиетті оқыту әдістемесі (студенттер 2 сағат қысқа мерзімді жоспар жазып, 15 минут сабақ береді)

Тапсырма: орта буынның 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарының қазақ тілі, қазақ әдебиеті пәндері бойынша кіріктірілген оқу сабағының (жаңа тақырыпты пысықтау кезеңі) фрагментін дайындау және өткізу.

В модуль:

Тапсырма: Лингвистикалық талдау (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) және әдеби шығарманы сатылай кешенді талдау.

Қазіргі қазақ тілі, әдебиет (лингвистикалық және әдеби талдау)

4S01140605 Шетел тілі мұғалімі, 5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры,

А модуль:

Ағылшын тілі сабағын өткізу.

Тапсырма: Ағылшын тілі пәні бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрып, өткізу.

Мақсаты: ағылшын тілінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және сабақ жоспарына сәйкес заманауи білім беру және ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды қолдана отырып сабақтың үзіндісін өткізу іскерліктерін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: қысқа мерзімді жоспар мен сабақ демонстрациясы.

Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 2 сағат

Тапсырманы ұсыну уақыты: 15 минут.

Тапсырма:

1. Сабақтың мақсаты мен міндеттерін анықтау
2. Сабақтың кезеңдерін, оларға сәйкес тапсырмалар мен жоспарланған нәтижелерді анықтау
3. Сабақтың құрылымы мен барысын әзірлеу
4. Сабақ фрагментінің мазмұнын, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын анықтау.
5. Дидактикалық құралдар мен интерактивті жабдықтарды даярлау
6. Педагог қызметіне қажетті материалдар мен интерактивті жабдықтарды пайдалану үшін дайындау
7. Білім алушылардың қызметін ұйымдастыру үшін қажетті жабдықты пайдалану үшін дайындау
8. Деректерді қысқа мерзімді жоспарға енгізу (1-қосымшаны қараңыз)
9. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын басып шығару және оны сарапшыларға ұсыну
10. Әзірленген сабақ жоспарына сәйкес сабақтың үзіндісін көрсету
11. Заманауи білім беру технологияларының элементтерін көрсету және сабақ фрагментінің әртүрлі кезеңдерінде интерактивті жабдықты қолдану (мотивациялық, оқу міндетін қою, оқу әрекеті, бақылау, өзін-өзі бақылау, бағалау және өзін-өзі бағалау әрекеттері). Шетел тілін оқыту әдістемесі (студенттер 2 сағат қысқа мерзімді жоспар жазып, 15 минут сабақ береді)

В модуль:

Лексикалық құзыреттіліктерді көрсету.

Тапсырма: Берілген тақырып бойынша ақпаратты жинақтап, таныстыру.

Мақсаты: Лексикалық және тілдік дағдыларды қолдана алу, өз ойын ағылшын тілінде анық жеткізе алу құзыреттілігін көрсету.

Нысанның сипаттамасы: тақырып бойынша құрылған электрондық дереккөз.

Тапсырманы орындау үшін уақыт шегі: 60 минут.

Тапсырманы ұсыну уақыты: 10 минут.

Тапсырма:

1. Тақырыпты жеребий арқылы таңдау
2. Тақырып бойынша ақпаратты жинақтау
3. Жинақталған ақпарат бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып дереккөз құрастыру (PowerPoint, Canva,)
4. Құрастырылған материал көмегін берілген тақырыптың мазмұнын ашып қорғап шығу.
5. Берілген ақпарат бойынша сұрақтарға жауап беру. арнайы пәндер: шетел тілі практикумы, практикалық грамматика, практикалық фонетика

4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі, 5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры біліктіліктері

А модуль:

Информатика пәні бойынша таңдап алынған тақырыпқа сәйкес оқу сабағының қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру. Информатика пәнінен сабақ үзіндісін (жаңа білімді ашу кезеңін) әзірлеу, әдістемелік қолдану және жүргізу.

Информатика оқыту әдістемесі, педагогика, психология, информатика теория негіздері, программалау (студенттер 2 сағат қысқа мерзімді жоспар жазып, 15 минут сабақ береді)

В модуль:

Google сервистерін пайдалана отырып, мұғалімнің жеке web сайтының құру.

17. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1. Колледжде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес әр мамандық бойынша білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған. Консультация білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде білім алушыларға көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу сабақтарының нысаны ретінде айқындалған. Әр мамандық бойынша консультация оқу жылына 100 сағаттан аспайды және аралық, қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар консультация өткізу мерзімі аралық, қорытынды аттестаттау кестелерінде көрсетіледі.

Колледжде білім алушы студенттердің қызығушылықтарына қарай танымдық қабілетін арттыру мақсатында факультатив пәндері қосымша жүргізіледі. Факультативтерге жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес аптасына 4 сағаттан аспайтын сағаттар бөлінген. Факультативтік пән есебінен үйіре-клуб, секциялық жұмыстар жүзеге асырылуда.

Факультативтік сабақтар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 18 қаңтарындағы №24 бұйрығының 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымында қызығушылықтары бойынша клубтардың жұмысын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүргізіледі. Колледжде филология бөлімі студенттеріне қосымша білім беретін, әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып жеке тұлға қалыптастыру мақсатында «Ақ қауырсын» поэзия клубы, студенттерді қолөнер түрлерімен таныстыра отырып, креативтілік, шығармашылыққа баулу, еңбекке деген қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейту мақсатында «Алтын оймақ» қолөнер үйірмесі, студенттердің рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық көркемдік, адамгершілік, ауызша сөйлеу мәдениетін оқырмандық көрермендік талғамдарын қалыптастыру, театрлық ойын әрекеті

құралдарын жүйелі қолданып балалар шығармаларының әртүрлі жанрларын театрлық көріністерін арқылы іске асыруда «Сиқырлы әлем» қуыршақ театры, студенттердің ақпараттық технологиялары мен қашықтықтан оқыту салсында практикалық дағдыларын қалптастыру және дамыту мақсатында «IT Еріктілер» клубы, студенттердің педагогикалық тәжірибеден өтуіне машықтандыруға бағытталған «Айшуақ» педагогикалық жасағының жұмыстары оқу жылының басында бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Студенттерге факультативтік пән таңдау барысында пән оқытушылары немесе топ жетекшілері тарапынан консультативтік кеңес беріледі. Соған сәйкес, колледж студенттері өздері қалаған факультативтік пәнге жазылып, қатыса алады. Факультативті жүргізу барысында арнайы факультатив мүшелерінің қатысу журналы жүргізіліп, факультатив жетекшілері бекітілген жоспар бойынша жүргізілген сабақтарының тақырыптарын журналға енгізеді.

Тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында колледжде студенттердің білім алу, жеке және мансаптық сұраныстарын қанағаттандыру үшін жұмыс істейтін студенттерді қолдау қызметтерінің: жатақханалардың, медициналық, орталықтардың, спорт залдар, қыз балаларға және ер балаларға арналған фитнес залдары мен студенттердің қызығушылықтарына жауап беретін клубтар бар.

Факультативтік сабаққа қатысушы студенттер қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқау, конкурстарға қатысып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін шыңдай алады.

Болашақ маманның жан-жақты қалыптасуын жетілдіру мақсатында колледжде төмендегідей үйірме, секция және факультативтер жұмыс істейді

№	Атауы	Жетекшісі
1.	«Самғау» студенттердің біріккен хоры	Шайрахметова Ә.Ғ. Тюлебаева Х.М.
2.	«Наркескен» ер балалар хоры	Жүніс Ұ.Н. Мусаипова Ш.К.
3.	«Шабьт» домбырашылар ансамблі	Серікбай Т.С.
4.	«Көксеңгір» ұлт-аспаптар ансамблі	Серікбай Т.С. Сұлтан Н.Н.
5.	«Назерке» камералық хоры	Шайрахметова Ә.Ғ. Мусаипова Ш.К. Мукушева Н.С. Запорожских Н.А. Михаилева Н.А. Абдрахманова С.Т. Шарипова С.Т. Заманбекова А.З. Жүніс Ұ.Н. Тайманова А.Т. Мағзумова Г.А. Өмірзақ А.Қ.

№	Атауы	Жетекшісі
6.	Студенттер дуэті	Жалманбет М.
7.	«Алтын оймақ» қолөнер үйірмесі	Амиржанова Г.Қ.
8.	«Сырлы бояу» сурет салу үйірмесі	Б.Бегалин
9.	«Сиқырлы әлем» қуыршақ театры	Балдыкова Г.
10.	«Мұрагер» тоғызқұмалақ клубы	Здуалиев Р.Қ. Тайманова А.Т.
11.	«Ақ ладья» шахмат клубы	Кабдуалиев Ұ.Б.
12.	«Рахат» волейбол клубы	Тәттібай А.
13.	«Барыс» баскетбол клубы	Садвакасов А.С.
14.	«Жарқын» футбол клубы	Советов С.Е.
15.	«Жарқын» футбол клубы (қыздар)	Советов С.Е.
16.	«Асық» ұлттық ойын үйірмесі	Өмірзақ А.Қ. Садвакасов Б.К.
17.	«Пинг-Понг» үстел теннисі	Омаров Н.
18.	«Пинг-Понг» үстел теннисі (қыздар)	Рахимова З.Ж.
19.	«Құлагер» жеңіл атлетика клубы	Садвакасов А.С. Галимова Д.Т.
20.	«Ілбіс» шаңғы клубы	Галимова Д.Т.
21.	«Жұмбақтас» туризм клубы	Хамзин Е.С.
22.	«Айшуақ» педагогикалық жасағы	Мұқышева Н.С. Сейтбаттал Д.Н.
23.	«Парасат» дебат клубы	Қайырбай А.М.
24.	«Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебі	Ахат Н.А.
25.	«Ақ қауырсын» поэзия клубы	Серкешбаева Г.Н.
26.	«Айбын» әскери-патриоттық клубы	Жабагин Т.Е
27.	«Жас мерген» атқыштар клубы	Жабагин Т.Е
28.	«Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубы	Жабагин Т.Е. Тайманова А.Т
29.	«Кербез» мәдени-интеллектуалдық қыздар мектебі	Заманбекова А.З.
30.	«Жас дәурен» квинтеті	Кустангельдинов Д. Жүніс Ұ.Н. Кусаинов А.А. Нұрқан М.Ө. Абдрахманова С.Т.
31.	«Этюд» баянистер ансамблі	Сұлтан Н.Н.
32.	«Арқа әндері»	Кусаинов Ә.Ә. Мухамедьяр А.Б.
33.	«Қоңырқаз» дуэті	Мухамедьяр А.Б.
34.	«Арнау» дуэті	Жүніс Ұ.Н. Нұрқан М.Т.
35.	«ЭкоLand» эко клубы	Сатиева М.Т. Сапабекова Д.О
36.	IT еріктілер клубы	Ғалымжан Е.К.

№	Атауы	Жетекшісі
37.	Сахна мәдениеті	Калиева Г.Ж.
	Барлығы:	

Үйірме жұмыстары тәлім-тәрбиелік идеялар мен өмірді, адамды сүюден бастау алып, жастарды ұлтжандылыққа, Отанды қорғау, ерлік пен батырлықты дәріптеуге, еңбексүйгіштік дағдыларын қалыптастыруға, адамгершілік асыл қасиеттерді насихаттауға, сана-сезімді жетілдіріп, ұлттық рухты көтеруге бағытталған. Студенттерден құралған «Самғау» студенттердің біріккен хоры, «Наркескен» ер балалар хоры, «Назерке» камералық хоры, «Шабьт» домбырашылар ансамблі, «Этюд» баянистер ансамблі, «Жас дәурен» квинтеті болашақ педагогтарды өнерге баулуда. «Алтын оймақ» қол өнер үйірмесі, «ЭкоLand» эко клубы, «Кербез» мәдени-интеллектуалдық қыздар мектебі әсемдікті, сұлулықты ерекше сезінуге баулу мақсатында еңбек етеді. Өртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру және шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, жеке тұлға қалыптастыру мақсатында «Ақ қауырсын» поэзия клубының да жетістіктері аз емес. Жастардың арасында саяси мәселелерді ашық талқылауда «Парасат» дебат клубы, «Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебінің жұмыстарын ерекше атап өтуге болады. Колледж студенттерінің салауатты өмір салтын ұстанып, өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалауына барынша мүмкіндік жасалған. Өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта әскери-патриоттық, рухани тәрбиелеу мақсатында оқу ордамызда «Айбын» әскери-патриоттық клубы, «Жас мерген» атқыштар клубы, «Томирис» рухани-патриоттық қыздар клубы ерекше жұмыстар атқаруда. Оқу ордасында тоғыз спорттық секция жұмыс жасайды: «Жарқын» футбол клубы, «Барыс» баскетбол клубы, «Рахат» волейбол, «Пинг-Понг» үстел теннисі, «Құлагер» жеңіл атлетика клубы, «Ілбіс» шаңғы клубы, «Жұмбақтас» туризм клубы «Мұрагер» тоғызқұмалақ клубы, «Асық» ұлттық ойын үйірмелері колледж абыройының биік асулардан көрінуіне сүбелі үлес қосуда.


Студенттердің үйірмелерге қатысу көрсеткіші

1-курс – 127 студент

2-курс – 231 студент

3-курс – 125 студент

4-курс – 72 студент



Жастардың құқықтары мен міндеттері төңірегіндегі пікірталастар – жастар комитеті, студенттік парламент, «Ар-намыс» саяси-интеллектуалдық мектебі мен «Парасат» дебат клубтарының біріккен отырысында жиі талқыға салынатын тақырыптардың бірі. Аталмыш тақырып аясында құқық қорғау қызметкерлері колледж студенттерімен жиі әңгімелер жүргізіп, бүгінгі қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерді өскелең буынға жеткізіп тұрады.

Студентке бағытталған білім беру ортасын құруда оқу орнында элективті курстар жүргізіледі.

Элективті курс – студенттердің әртүрлі танымдық қызығушылығын қанағаттандырып, кәсіби профильдің мазмұнын толықтыратын, оқу жоспарының жаңа элементі. Элективті курс мазмұны оқыту процесін актуализациялау мен индивидуализациялаудың жаңа механизмін құруда.

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде жүргізілетін элективті курстар тізімі:

Элективті курстар			
1	«Зерек» студенттердің ғылыми қоғамы	24 сағат 24	Китарова Г.С.
2	1) М.Монтессори технологиясы 2) WorldSkills модульдерін меңгерту курсы	72 сағат 36 36	Әмірова С.А. Кравченко А.П.
3	3 D принтер технологиясы	36	Д.Өтепбай
4	Фото, видео ісі	36	Сағындық Т.С.
5	Робототехника	18 18	Р.Здуалиев Ж.Сыздық
6	WorldSkills модульдерін меңгерту курсы (мектепке дейінгі бөлім)	144 18 18 18 18 18 18	И.Серікбай А.Смаилова Г.Амиржанова Атай С.Қ А.Каппас Г.Балдыкова

		18 18	Н.Мукушева С.Амирова
7	WorldSkills модульдерін меңгерту курсы (бастауыш мектеп бөлімі)	108 18 18 18 18 18 18	Б.Азбергенова Ө.Төлеген Б.Батанасова А.Мендыбаева А.Сағындық Қ.Мукушева
8	WorldSkills модульдерін меңгерту курсы (дене мәдениеті бөлімі)	90 36 36 18	Е.Хамзин А.Садвакасов Р.Баймағанбетова
9	WorldSkills модульдерін меңгерту курсы (музыка бөлімі)	130 18 10 18 10 10 18 18 18 10	Абдрахманова С.Т. Заманбекова А.З. Жүніс Ұ. Шайрахметова А.Г. Магзумова Г.А. Шарипова С.А. Өтепбай Д. Калиева Г.Ж. Ехсанова Ж.А.
9	«Progress» тереңдетілген шетел тілі	36	А.Ташенова
10	«Public speaking» клубы	36 36	Ехсанова Ж.А. Жусупова Д.П.
11	Сөз зергері	36	Т.Қайыржан
	Барлығы:	820	

Нәтижесінде, сапалы ұйымдастырылған элективті курстардың мазмұны жеке тұлғаның ғылыми кеңістігі мен дүниетанымын жетілдіруге мүмкіндік береді.

2. Міндетті оқытуға арналған оқу уақытының көлемін сақталып, 2022-2023 оқу жылының графигі құрылып, онда әр топтың апта саны, теориялық оқу аралығы, оқу және өндірістік практика мерзімдері, емтихан апталары, қысқы және жазғы демалыс уақыты көрсетілді. Сонымен қатар, әр жартыжылдық сайын теориялық және практикалық сабақтардың кестесі құрылды. Сабақ кестесінде сабақтың уақыты, толық түрде жазылған модуль атауы, оқытушының тегі, өткізілетін дәрісхана нөмері көрсетілді. Сабақ кестесі тұрақты, тұтас семестрге директордың бекітуімен құрылады. Сабақ таңертеңгі уақытта 8⁰⁰ басталып, 13¹⁵ аяқталады, ал екінші ауысым 14⁰⁵ басталып, 19²⁵-те аяқталады. Сабақ ұзақтығы:

- дәстүрлі білім беру форматындағы білім алушылар үшін: 90 мин.,
- оқытудың кредиттік-модульдік технологиясы бойынша және қолданбалы бакалавриат бағдарламасы бойынша: 45 минут.

Ауысым аралығы – 50 минут.

Модуль және оқу жұмысының басқа түрлері меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша білім алушының оқу жүктемесінің көлемін сақтайды.

3. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

МЖМБС талаптарына сәйкес күндізгі оқу нысаны кезіндегі міндетті апталық оқу жүктемесін сақтау: оқу орнында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес «білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптары» атты 3-тарауына сәйкес білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 54 сағаттан аспайды (әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген). ТЖКБ ОЖЖ және МЖМБС талаптарына сәйкес оқу жылының ұзақтығы сақталуда.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес әрбір оқу жылына арналған міндетті оқу уақытының көлемі 60 кредит/1440 сағатты құрайды. Білім алушының оқу жүктемесінің көлемі әрбір пән және (немесе) модуль немесе оқу жұмысының басқа түрлері бойынша меңгеретін оқыту нәтижелері бойынша кредитпен/сағатпен өлшенеді. 1 кредит 24 академиялық сағатқа, 1 академиялық сағат 45 минутқа тең (әр мамандық бойынша жұмыс-оқу жоспарының көшірмелерінде айқындалып көрсетілген).

Колледжде әр мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдері біліктіліктердің күрделілігіне мен санына байланысты және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының модельдеріне сәйкес көзделген кредиттер/сағаттардың көлемімен айқындалады.

18. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» атты 2-тарауының 22-қосымшасына сәйкес бітіруші курстардағы білім алушылардың құзыреттілігіне қойылған талаптардың оқу нәтижелерін бағалау немесе кәсіптік модульдерді немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді меңгеру деңгейін Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкестігін бағалау үшін бітіруші курс білім алушыларының тестілеу нәтижелері шығарылды.

Колледжде оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы Заңының «Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру» 28-бабына, оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу және тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Колледжде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау бекітілген оқу-тәрбие процесінің оқу жылына арналған графигі мен бекітілген теориялық және практикалық сабақтардың кестесі негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оқу-тәрбие жұмысын есепке алу теориялық және

өндірістік оқытудың есепке алу журналдары және әрбір айға оқытушының жұмыс уақытын есепке алу ведомосі, педагогтің бір жылдағы оқу уақытын есепке алу ведомосі College SmartNation бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Күндізгі оқу нысанында міндетті оқу жүктемесі білім алушылардың аптадағы оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Колледжде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартының талаптарына сәйкес әр мамандық бойынша білім алушылардың жеке қабілеттерін дамыту және көмек көрсету үшін факультативтік сабақтар мен консультациялар қарастырылған. Консультация білім беру бағдарламасын меңгеру кезінде білім алушыларға көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу сабақтарының нысаны ретінде айқындалған. Әр мамандық бойынша консультация оқу жылына 100 сағаттан аспайды және аралық, қорытынды аттестаттау кезінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар консультация өткізу мерзімі аралық, қорытынды аттестаттау кестелерінде көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 124 бұйрығының «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» атты 2-тарауына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары тест тапсырмаларын білім беру бағдарламалары шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандартының талаптарына сәйкес дербес әзірлейді және тестілерді өткізу нысанын таңдайды делінген. Сол себепті Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК-ның 2022 жылдың 14 қаңтарындағы №3 ғылыми-әдіснамалық және инновациялық кеңесінің хаттамасымен бітіруші топтардың оқу нәтижелерін бағалау тестінің өту графигі жасалып, тест сұрақтарының базасы бекітілді. Әр мамандық бойынша жалпы кәсіптік пәндер қатарынан педагогика, психология пәндер қатарынан 100-200 сұрақтардан тұратын тест базасы әзірленіп, бекітілді. Мамандықтар бойынша нақтылайтын болсақ:

1. 0101000 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту – 600 сұрақ (педагогика және психология – 600);

2. 0103000 Дене тәрбиесі және спорт – 400 сұрақ (педагогика және психология – 400);

3. 0105000 Бастауыш білім беру – 600 сұрақ (педагогика және психология – 600);

4. 0108000 Музыкалық білім беру – 500 сұрақ (педагогика және психология – 500);

5. 0111000 Негізгі орта білім беру 011101 3 Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 600 сұрақ (педагогика және психология – 600);

6. 0111000 Негізгі орта білім беру 011108 3 Шетел тілі пәнінің мұғалімі – 500 сұрақ (педагогика және психология – 500);

7. 0111000 Негізгі орта білім беру 011109 3 Информатика пәнінің мұғалімі – 400 сұрақ (педагогика және психология – 400).

Колледжде ұлттық біліктілік шеңберінің, салалық біліктілік шеңберлерінің және кәсіптік стандарттардың дескрипторларымен айқындалатын білім алушылардың дайындық деңгейінің өлшемшарттары:

Кәсіптік білім беру мазмұны білім беру бағдарламаларымен анықталады және оқыту нәтижелеріне бағдарланады. Педагогикалық мамандықтар бойынша орта буын мамандарының деңгейі үшін:

1) жалпы білім беретін, жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер немесе жалпы білім беретін пәндерді, базалық және кәсіптік модульдерді зерделеуді;

2) практикалық сабақтарды орындауды;

3) кәсіптік практикадан өтуді;

4) мамандық ерекшеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық (жазбаша немесе практикалық) жұмысты орындауды;

5) аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өтуді көздейді.

Колледждің білім алушыларын қорытынды аттестаттау жалпы кәсіби және мамандықтар бойынша арнайы пәндер (модульдер) бойынша қорытынды емтихандар тапсыруды немесе арнайы пәндердің (модульдердің) бірінде қорытынды емтихан тапсыру арқылы диплом жобасын жұмысын орындауды және қорғауды қамтиды. Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша өткізіледі. Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген білім алушылар жіберіледі. Оқу орнында білім алушыларды қорытынды аттестаттау, оның ішінде қашықтықтан оқыту арқылы қорытынды аттестаттау оқу процесінің кестесінде көрсетілген мерзімде және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес белгіленген оқу жұмыс жоспарларының нысандары бойынша өткізіледі. Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға жіберу білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді. Пәндер (модульдер) бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес: бірнеше арнайы пәндер немесе кәсіптік модульдер бойынша сұрақтарды қамтитын ауызша, жазбаша, кешенді емтихан нысандарында өткізіледі. Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылар қорғауға жіберілген дипломдық жұмыстарды рецензиялармен және презентациялық материалдармен ұсынады. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы тиісті хаттамамен ресімделеді, оған комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

19. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру стандарты талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдері 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі, 5AB01120101 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолданбалы бакалавры біліктіліктерін алу үшін 2 жыл 10 ай мерзімінде оқиды.

4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі, 4S01140201 Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі, 4S01140501 Дене тәрбиесі мұғалімі, 4S01140601 Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі, 4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі біліктіліктер бойынша 9-сынып негізінде қабылданған білім алушылар 3 жыл 10 ай оқиды.

5AB01130101 Логопед қолданбалы бакалавры, 5AB01140101 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 5AB01140301 Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 5AB01140201 Дене тәрбиесі қолданбалы бакалавры, 5AB01140303 Шетел тілін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі қолданбалы бакалавры, 5AB01140401 Информатика қолданбалы бакалавры біліктіліктер бойынша 11-сынып негізінде қабылданған білім алушылар 2 жыл 10 ай оқиды.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

1. Колледжде Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының (2024 жылдың 2 сәуіріндегі толықтырулар мен өзгертулер) Жалпы ереженің (1-тарау) 3-тармағына сай педагогтерді аттестаттау «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағы 3-тармақшасына сәйкес бес жылда бір реттен сиретпей өткізілуіне байланысты 2022-2023 оқу жылында 24 оқытушы (2 педагог-шебер, 5 педагог-зерттеуші, 3 педагог-сарапшы, 14 педагог-модератор) аттестаттауға өтініш берді.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының 2022 жылдың 30 желтоқсанында енгізілген өзгерістерге байланысты 2022-2023 оқу жылында 11 оқытушы арнайы пәндер оқытушылары ретінде білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген тест бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындау тесінен босатылып, аттестатталушы жетістіктерінің біліктілік талаптарының деңгейіне сәйкестігін бағалау мақсатында қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтаудан

(портфолио) өтіп, санаттылықтарын көтерді. Олар: Мұқышева Н.С. (мектепке дейінгі педагогика пәнінің оқытушысы) педагог-зерттеуші санатына, Рақымжан Ә.Қ. (психология пәнінің оқытушысы) педагог-сарапшы санатына, Шайрахметова Ә.Ғ. (дирижерлау пәнінің оқытушысы) педагог-сарапшы санатына, Абдрахманова С.Т. (вокал пәнінің оқытушысы) педагог-сарапшы санатына, Шарипова С. А. (фортепиано пәнінің оқытушысы) педагог-сарапшы санатына, Кابدвалиев У.Б. (құқық, мәдениеттану пәндерінің) педагог-сарапшы санатына, Құсайынов Ә.А. (негізгі аспап домбыра пәнінің оқытушысы) педагог-модератор санатына, Жүніс Ұ.Н. педагог-модератор санатына, Азбергенова Б.А. (педагогика пәнінің оқытушысы) педагог-модератор санатына, Сабыр А.Т. (психология пәнінің оқытушысы) педагог-модератор санатына, Смаилова А.Т. (мектепке дейінгі педагогика пәнінің оқытушысы) педагог-модератор санатына өтті.

Ал екі оқытушы жалпы пәндер оқытушысы ретінде педагогтердің білімін бағалау тесін де, қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау портфолиосын да тапсырды. Олар: ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Маукаева А.К. (педагог-сарапшы) және биология пәнінің оқытушысы Сапабекова Д.О. (педагог-модератор).

Қорыта келгенде, 2022-2023 оқу жылында 13 оқытушы біліктілік санатын көтерді.

3. Колледжде Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының (2024 жылдың 2 сәуіріндегі толықтырулар мен өзгертулер) Білім беру ұйымдарының, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) басшыларын, басшы орынбасарларын аттестаттаудан өткізу тәртібі (5-параграфы) сай директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Ілияс Данагүл Нұртайқызы ІІІ санаттағы басшының орынбасары санатын алды.

5. Колледжде 7 біліктілік бойынша мамандықтар лицензиясына сай жалпы білім беретін пәндер бойынша 27 педагог қызмет етеді. Олар: Математика – 1, информатика – 4, қазақ тілі мен әдебиеті – 2, орыс тілі мен әдебиеті – 1, шетел тілі (ағылшын тілі) – 4, қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы – 5, денешынықтыру – 4, Алғашқы әскери-технологиялық дайындық – 1, химия – 1, биология – 2, география – 1, физика – 1.

7. Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде қазіргі таңда педагог-шебер – 5; педагог-зерттеуші – 9; педагог-сарапшы – 12; педагог-модератор – 18. Жоғары санатты – 7; І санатты – 8. Бұл – 72%-ды құрайды. (82 оқытушы деп алдым).

8. Колледж оқытушыларының ғылыми әлеуетіне келетін болсақ, 1 ғылым кандидаты, 1 PhD докторы, 2 PhD докторант, 46 ғылым магистрі, 4 магистрант. Бұл – 66%-ды құрайды.

9. 2022-2023 жылы «TALAP» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 26 маусым-7 шілде аралығында 14 оқытушы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен



кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курсынан өтті. Курс 72 сағат теориядан және 36 сағат тағылымдамадан тұрды.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Астана қаласында 2023 жылдың 10.04-20.04 аралығында өткен «Колледжде қазақ тілін және әдебиетін оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» тақырыбындағы 72 сағаттық курстан Бекмаганбетова Римма Кенжебулатовна мен Нұртазина Салтанат Маратқызы

(27.03-06.04) өтіп, сертификатталды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Көкшетау қаласында 2023 жылдың 24.04-04.05 аралығында өткен «Колледжде ағылшын тілін оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» 72 сағаттық курстан Сапарова Замзагул Турлыбековна мен Сыздыкова Әсем Қайдаровна өтіп, сертификатталды.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Көкшетау қаласында 2023 жылдың 24.04-04.05 аралығында өткен «Колледжде тарихты оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» 72 сағаттық курстан Аяшова Жулдузай Султангалиевна, Кабдуалиев Улан Балгабаевич, Нұрқан Медет Өмірбекұлы,

Шытырымбекова Жулдыз Омирбековна, Тайманова Айнұр Талғатовна өтіп, сертификатталды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Астана қаласында 2023 жылдың 15.05-25.05 аралығында өткен «Колледжде географияны оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» 72 сағаттық курстан Өмірзақ Айсұлу Қуандыққызы өтіп, сертификатталды.





«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Астана қаласында 2023 жылдың 27.03-06.04 аралығында өткен «Колледжде физиканы оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» 72 сағаттық курстан Здуалиев Рауан Каиргелдиевич өтіп, сертификатталды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Көкшетау қаласында 2023 жылдың 27.03-06.04 аралығында өткен «Колледжде химияны оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» 72 сағаттық курстан Казиева Бакит Еламановна өтіп, сертификатталды.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Көкшетау қаласында 2023 жылдың 27.03-06.04 аралығында өткен «Колледжде химияны оқыту: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» 72 сағаттық курстан Жаңбырбай Айдана Абдрахманқызы мен Сабыр Ақжібек

Теміржанқызы өтіп, сертификатталды.

«TALAP» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 26 маусым-7 шілде аралығында 14 оқытушы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыру курсынан өтті. Курс 72 сағат теориядан және 36 сағат тағылымдамадан тұрды.



«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастырумен Көкшетау қаласында 2022 жылдың 05 қыркүйек-21 қазан аралығында «Деңгейлік бағдарламалар негізінде жасалған білім алушыларға

қосымша кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламасы» тақырыбындағы курстан Ғалымжан Еркебұлан Көлбайұлы, Өтепбай Досай Жұмаханұлы, Маукаева Айдана Қуанышбайқызы, Мұқышева Нұргүл Серікқызы, Тайманова Айнұр Талғатқызы, Сейтбаттал Дайана Нұрлыбекқызы өтіп, сертификатталды.

Қорыта келгенде, 2022-2023 жылы 2 әдіскер және 33 оқытушы, барлығы 35 маман білім жетілдіру курсынан өтті.

10. Магистр дәрежесі мен философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтерді атап өтетін болсақ, 1 ғылым кандидаты, 1 PhD докторы, 2 PhD докторант, 48 ғылым магистрі, 8 магистрант қызмет етеді. Бұл 73,1%-ды құрайды.

11. Қазақстан Республикасының “Тұрғын үй қатынастары жайлы” Заңының 15-тарауының “Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы жатақханалардан тұрғын үй-жай беру тәртібі” атты 112-шы бабына, сонымен қатар, ҚР “Білім туралы” Заңы, Колледждің Жарғысы мен өзге де құқықтық-нормативті құжаттарға сай әр оқу жылының басында «Жатақханада тұру ережесі» бекітіледі, ережеде студенттердің жатақханаға орналасу, тұру және шығару мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, жатақхана тұрғындарының құқықтары мен міндеттері де көрсетілген. Студенттер оқу жылының басында «Жатақханада тұру ережесімен» міндетті түрде таныстырылады.

Колледжде білім алушы студенттердің тарапынан түскен ұсыныстарға арналған сенім жәшігі оқу ғимараты мен жатақхананың I қабатында орналастырылған. Студенттер тарапынан түскен ұсыныстар Жастар комитеті мен студенттік кеңес отырысында қаралады да әкімшілікке жеткізіледі.

Колледждің материалдық-техникалық базасы студенттердің барлық сұраныстарын қанағаттандыратындай қызмет атқаруда. Студенттерге арналған жатақхана 301 орынмен қамтылған, медициналық көмек көрсету мақсатында медициналық қызмет көрсету кабинеті жұмыс істейді. Сонымен қатар, колледж базасында 270 м² көлемді спорт зал барлық керекті құрал жабдықтармен қамтылған. Атап айтқанда, күрес залы, тренажер залы, тир, шаңғы базасы, туристік құрал жабдықтар, қысқы және жазғы спорт киімдермен толығымен қамтылған.

«Жан сыры» әлеуметтік-психологиялық орталығы, «Таным» релаксациялық кабинеті студент-жастарға психологиялық қолдау көрсетумен қатар, тұлғаның сапалық дамуына бағыт-бағдар береді. I курсқа қабылданған студенттердің психологиялық дамуын зерттеу бағытында арнайы тестілеу жұмыстары жүргізіледі. Сондай-ақ, әлеуметтік-психологиялық тренингтер жоғары курс студенттерімен де өтілуде. Тест жұмыстарының қорытындысы бойынша әр студентпен жекелеген жұмыстар жүйелі түрде жүргізіп келеді. Арнайы құрылған кестеге сәйкес топтарда достық, төзімділік, елжандылық, адами құндылықтарды бағалауға арналған тренингтер, тимбилдинг, арт-терапия жұмыстары өткізіледі. Студенттеріміз кез келген уақытта әлеуметтік психолог тарапынан психологиялық көмекке жүгіне алады.

Колледжде студентке бағытталған сапалы кәсіптік білім беруде оқытушылардың өнімді жұмыс атқаруына жағдай жасау мақсатында ұстаздар қауымымен колледж студенттеріне арналған Емдік дене массажы мен «Open

room» демалыс аймағы және тренажер залы мен «Energy» фитнес орталығы жұмыс істейді.

Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру барысында салтанат залы (202,5 м²) және хореография залы (120 м²) жұмыс істейді. Студенттердің қызығушылықтарына жауап беретіндей факультатив, элективті клубтар мен секциялар жұмыс атқаруда.

Колледждің жатақхана ғимаратында орналасқан медициналық қызмет көрсету кабинеті бар. Медицина қызметкерлері санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы, шұғыл медициналық көмек көрсету сияқты жұмыстарды орындап, студенттердің денсаулық жағдайына мониторинг жүргізу, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру арқылы студенттер денсаулығын нығайту жұмыстарын жүргізеді. Медицина қызметкерлері және қалалық «Панацея» студенттік емханасының дәрігерлерімен жыл сайын бірінші курс студенттеріне медициналық тексеріс (бойын, салмағын, артериалдық қысымын өлшеу, стоматолог, дерматолог, гинеколог және терапевт тексерісі) жүргізеді. Студенттің ауруға шалдығуы анықталған жағдайда қалалық емханада тексерістен өтіп, амбулаторлық не стационарлық жағдайда ем қабылдайды. Студенттер қалалық емхана қабырғасында медициналық тексерістен өтіп, тексеріс нәтижелері медициналық кітапшаға тіркеледі. Колледж қызметкерлерімен студенттердің денсаулығын нығайту мақсатында физио аппараттары қолданылады (ультразвуковой ингалятор, облучатель ультрафиолетовый стационарный для верхних дыхательных путей и полости уха, алмаг, магнитотерапии, амплипульс). Студенттердің денсаулығына байланысты жіті қадағалау мақсатында медициналық кабинетте арнайы оқшаулау бөлмесі бар және процедуралық кабинеттен ем қабылдауға жағдайлар жасалған.

Колледж жатақханасы оқу ғимаратының жанында орналасқан. Студенттерге арналған орын саны – 360. Жатақханаға келісімшарт бойынша орналастыру жұмыстары жүргізіледі. Жатақхана іші секциялық (отбасылық) типте жасалған. Яғни әр секцияда 2 немесе 3 бөлме, дәретхана, жуынатын бөлме және ас дайындау бөлмесі бар. Жатақханаға 2012 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Әр секция электроплита, тоңазытқыш, асхана жиһазы және бөлмелік жиһаздармен толық қамтамасыз етілген.

Жатақханаға студенттерді орналастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырындағы № 215 бұйрығының «Білім беру ұйымдарының жатақханаларындағы орындарды бөлу қағидалары» атты 1-қосымшасы және "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" 2-қосымшасына сәйкес көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты негізінде жүзеге асырылады. Жатақханада тұратын студенттер колледждің «Жатақхананың ішкі тәртібіне» және «Жатақхана тұрғындарының міндеттері мен құқықтары туралы ережесімен» таныстырылады.

12. Түлектердің жұмысқа орналасуы

Мамандық атаулары	2022-2023 оқу жылы			
	Түлектер саны	Мамандық бойынша	Жұмыспен қамтылғаны	%
01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	34	28	3	91%
01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	41	35	4	95%
01140200 Музыкалық білім беру	13	9	2	93%
01140500 Дене тәрбиесі және спорт	39	25	12	92%
01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	88	77	6	93%
01140700 Информатика	38	33	2	95%
БАРЛЫҒЫ	253	207	29	90,5%

Колледж балансында 1989 жылы мемлекеттік типтік жоба бойынша салынған 2 ғимарат бар. 552 орындық оқу корпусы және 360 орындық (№1 студенттер үйі), 300 орындық (№2 студенттер үйі) екі студенттер үйі бар. Оқу корпусының жалпы ауданы - 5016,7 ш.м.

Сапалы білім беру мақсатында оқу-материалдық және техникалық базаны нығайту үнемі жүзеге асырылуда. Оқу корпусында 25 дәрісхана, 14 жеке әуез дәрісханалары дәрісхана оқытуға арналған қажетті құралдармен музыкалық аспаптармен, соңғы үлгідегі интерактивті панельдермен, бейне-магнитофон, теледидар, компьютер, интерактивтік тақталармен жабдықталған. Сонымен қатар, би және спорт залы, тир, тренажер залы, релаксация және дауыс жазу орталығы, баспахана, асхана, электрондық-ресурстық кітапхана және көпфункционалы конференц зал және 5 компьютер дәрісханасы, оның барлығы интернет желісіне қосылған. Оқу корпусындағы дәрісханалар қазіргі заман талабына сай жабдықталған.

Жыл сайын колледждің қаражатынан бөлініп оқу корпусы мен жатақханада, дәрісханаларда, салтанат залында, асханада тұрмыс бөлмелері, спорт залында, колледж дәліздерінде жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Костюмерлік киім бөлмесі бар, онда 600-ден астам костюм бар (жабдыққа арналған

жүкқұжаттар мен бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмелері және мамандықтар бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі).

14. Ақпараттық және кітапханалық қамтамасыз ету

Колледжде студенттердің мемлекеттік білім стандартына сәйкес өздігінен білім алуына және білімдерін толықтыруға барынша жағдай жасалған. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 91 бұйрығына сәйкес (29.07.2020 ж. жаңартылған) мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидалары негізге ала отырып колледжде ақпараттық және кітапханалық жұмыс ұйымдастырылған.

Оқу орнында қосымша ғимараттың іске қосылуына байланысты, студенттердің бүгінгі заман талаптарына сай білімдерін жетілдіріп, заманауи ақпараттық-технологияны толық меңгеруіне мүмкіндіктер туғызу мақсатында 2010 жылдың 3 қарашасында жаңа кітапхана ашылды. Кітапхананың жалпы көлемі: 238,5 м². Оқырман залының көлемі: 168,8 м², кітап қорының көлемі: 67,7 м². Оқырман залындағы орын саны 84, компьютер саны 19. 2024 жылы кітапхана соңғы үлгідегі технологияның бірі Планетарлық CopiBook сканерімен жабдықталды. Кітапханада штаттық кесте бойынша 3 адам жұмыс істейді.

Кітапхананың даму стратегиясы заманауи технологияларды енгізуге негізделген. Осыған орай кітапхананың жұмыс жүйесіне каталог «КАБИС» бағдарламасы сатып алынып, соның нәтижесінде кітапхана қызметі толық автоматтандырылды. «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы негізінде, колледж кітапханасының барлық ақпараттары компьютерге енгізіліп, электронды каталог арқылы толық мәтінді қор жинақталды. Қазіргі таңда Абай атындағы электронды-ресурстық кітапханасында 61 мыңға жуық қор жинақталды. Қордың 60% қазақ тілінде, 25% орыс тілде, 15% ағылшын тілінде кездеседі. Соның ішінде көркем әдебиеттер, оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, жаңартылған білім мазмұны бойынша мектеп оқулықтары, психология мен педагогика, электронды оқулықтары, математика бағыттары бойынша кітаптар сақталған. 2023-2024 оқу жылында 2207 дана кітап 11 млн 962 мың теңгеге сатылып алынды.

Сонымен қатар студент жастардың кітап оқу мүмкіндігін кеңейту мақсатында College SmartNation порталына да оқулықтар тізімі салынды.

Кітапхана электронды-ресурстық болғандықтан, кеңжолақты (1024 кб/с) интернет іске қосылды. Колледжіміз аймақтық, республикалық, халықаралық университеттермен ынтымақтастық меморандум негізінде, білім алушыларға ғаламтор арқылы Қазақстанның, Ресейдің кітапханаларының сайттарына кіріп өзіне керек ақпаратты алуына мүмкіндік алды.

Кітапханадағы кітаптар қоры бейінге сәйкес топтастырылған және барлық мамандықтар бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер,

әлемдік бестселлерлер, электронды оқулықтар жинақталған. Колледж оқытушылары жаңартылған білім бағдарламалары негізінде құрылған оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеп, колледж типографиясынан және облыстық, республикалық баспа үйлерінен басылып шығарылады.

15. Білім алушылардың білім беру қызметтері деңгейіне қанағаттанушылығын анықтау үшін 2022-2023 жылдар колледж білім алушыларының білім беру қызметтеріне қанағаттануын бағалау мақсатында колледж білім алушыларымен сауалнама өткізілді. Сауалнаманың мақсаты оқу бағдарламасын, көрсетілетін қызметтердің сапасын және колледж қызметінің басқа бағыттарын жақсарту болып табылады.

Колледж білім алушыларының білім беру қызметтеріне қанағаттануын бағалау мақсатында алынған сауалнама нәтижесі

№	Сауалнамаға қатысушылар саны	Колледждің материалдық-техникалық базасы қандай деңгейде?	Инфрақұрылым қызметкерлерінің студенттермен қарым-қатынасы қандай?	Кітапхана жұмысын қалай бағалайсыз	Оқуға қажетті дидактикалық материалдар мен оқулықтармен қамтамасыз етілу деңгейіңіз	Асхананың қызмет көрсетуі сапасы қандай	Медициналық орталықтың қызмет көрсетуін қалай бағалайсыз	Спорт залдың, тренажер залдарының қызмет көрсету сапасына көңіліңіз тола ма
1.	850 студент	43% - өте жақсы 51% - жақсы 6% - қанағаттанарлық 0% - қанағаттанарлықсыз	43% - өте жақсы 47% - жақсы 10% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	58% - өте жақсы 34% - жақсы 8% - қанағаттанарлық 0% - қанағаттанарлықсыз	50% - өте жақсы 43% - жақсы 7% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	67% - өте жақсы 27% - жақсы 6% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	36% - өте жақсы 39% - жақсы 24% - қанағаттанарлық 1% - қанағаттанарлықсыз	74% - өте жақсы 7% - жақсы 19% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз

Жалпы колледж білім алушыларының білім беру қызметтеріне қанағаттануын бағалау мақсатында алынған сауалнама нәтижесінің қорытындысы бойынша білім алушылардың 99% колледждің білім беру қызметтеріне қанағаттанатындықтарын білдірген.

16. Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау

Педагогикалық шеберлікке ұмтылу барысында білім алушыларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету оқытушыдан үнемі өз біліктілігіне анализ жасауды талап етеді. Өйткені педагогтің өзіндік рефлексиясы білім беру сапасын қалыптастыруда, студенттердің оқу үлгеріміне, танымдық дамуына және жалпы оқу тәжірибесіне әсер етуде шешуші рөл атқарады.

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» әр оқу жылында білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында мазмұндық, деңгейлік сауалнама әзірлеп, процесті жетілдірудің механизмдерін анықтайды. 2022-2023 оқу

жылында колледж педагогтеріне арналған «Білім алушыларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету» тақырыбында Google Forms деректерді жинау, онлайн тестілеуге мүмкіндік беретін онлайн құрал қолданылды.

Сауалнамаға сілтеме: <https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSfMQY>.
Сауалнама төмендегідей сұрақтардан құралып, 80 педагог қатысты.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ САПАЛЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Құрметті, педагогтер! Сұрақтарға шынайы жауап берулеріңізді сұраймыз. Сауалнама нәтижелері құпия сақталады және тек қана процесті жетілдіру үшін пайдаланылады.

1. Колледждің материалдық және техникалық базасы сізді қанағаттандыра ма?

2. Білім алушыларды сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасалған ба?(пайызбен белгілеңіз)
80%-100%
65%-79%
50%-64%
50%-дан төмен
3. Сіздің еңбегіңізге қажетті дидактикалық материалдар мен құралдар қамтамасыз етілген бе?

4. Колледждегі басқару жүйесі сізді қанағаттандыра ма?
(қанағаттандырмаса не себептен?)

5. Білім алушыларды сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін Сіздің ұсыныстарыңыз

Сауалнамаға қатысқандарыңыз үшін рақмет!

Сауалнамаға 80 педагог қатысты. Сауалнамада арнайы құрылған сұрақтар қатары қамтылып, білім алушыларды сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жоғары жағдай жасалғандығы анықталды. Сұрақтар білім сапасын жақсартуды бағалауға бағытталған. Педагогтерге жүргізілген сауалнама нәтижелері 80%-дан 100%-ды көрсетіп, білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанатындықтары анықталды.

Білім беру сапасын арттыруда тиімді оқыту стратегияларын қолдану, студенттердің белсенділігін арттыру және белсенді оқу тәжірибесін ілгерілету арқылы оқытушылар студенттердің академиялық, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан өсуіне мүмкіндік беретін динамикалық оқу, даму ортасын құра алады. Білім берудегі сабақтың мазмұнын озық жетістіктерді ілгерілету және студенттерді үнемі өзгеріп отыратын әлемде табысқа жетуге дайындау үшін өте маңызды.

17. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау мақсатында ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі

Колледждегі оқу-тәрбие процесінің сапасы студенттердің білім беру нәтижелерінің сәйкестік дәрежесі ретінде қарастырылады.

2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша ата-аналарға білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесі бойынша сауалнама жүргізілді.

Негізгі мақсаты: оқу жылы қорытындысы бойынша тұтынушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау, колледжде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру сапасының проблемалары мен жетістіктерін зерттеу.

Толтырылған сауалнамаларды талдау барысында келесі нәтижелерді көрсетті:

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау мақсатында ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі

№	Сауалнамаға қатысушылар саны	Колледждің материалдық-техникалық базасы сізді қанағаттандыра ма?	Колледж оқытушыларының білім беру сапасы сізді қанағаттандыра ма?	Жатақхана тәрбиешілерінің жұмысын қалай бағалайсыз?	Жатақхананың материалдық базасы қандай деңгейде деп ойлайсыз?	Колледж кітапханасының қызмет көрсету деңгейіне қанағаттанасыз ба?	Колледждің психологиялық қызметін қалай бағалайсыз?	Медициналық орталықтың қызмет көрсетуін қалай бағалайсыз?
1.	800 ата-ана	48% - өте жақсы 35% - жақсы 17% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	55% - өте жақсы 32% - жақсы 13% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	38% - өте жақсы 46% - жақсы 16% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	34% - өте жақсы 48% - жақсы 18% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	47% - өте жақсы 38% - жақсы 15% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	39% - өте жақсы 47% - жақсы 14% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз	40% - өте жақсы 46% - жақсы 14% - қанағаттанарлық % - қанағаттанарлықсыз

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттануын бағалау мақсатында ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесінің қорытындысы бойынша ата-аналардың 99% колледждің білім алушыларының дайындық деңгейіне қанағаттанарлықтарын білдірген.

18. Жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларының сауалнама нәтижелерін талдау

Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» әр оқу жылында білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында мазмұндық, деңгейлік сауалнама әзірлеп, процесті жетілдірудің механизмдерін анықтайды. 2022-2023 оқу жылында жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларына арналған «Жұмыс беруші ретінде түлектерді дайындау» тақырыбында

Google Forms деректерді жинау, онлайн тестілеуге мүмкіндік беретін онлайн құрал қолданылды.

Мақсаты - кәсіптік білім беру ұйымы (бұдан әрі – ББҰ) түлектерінің дайындық сапасына қанағаттанушылық бағасын анықтау. Бұл деректер колледж жұмысын жақсарту және мамандар даярлауды ұйымдастыру үшін пайдалы болады.

Сауалнама төмендегідей сұрақтардан құралып, 17 білім беру ұйымы қатысты.

Сауалнамаға сілтеме: https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSd-nHa5RhFAnty3ns9UnEE_S8SmuRFzIN9FhrCVKFqPcAjbmQ/viewform?usp=sf_link

**Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы «Ж.Мусин атындағы
Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК**

Құрметті жұмыс беруші!

Біз сізден сауалнаманың сұрақтарына жауап беруді сұраймыз, оның мақсаты - кәсіптік білім беру ұйымы (бұдан әрі – ББҰ) түлектерінің дайындық сапасына қанағаттанушылық бағасын анықтау. Бұл деректер колледж жұмысын жақсарту және мамандар даярлауды ұйымдастыру үшін пайдалы болады. Біз үшін, ең алдымен, сіздің пікіріңіз маңызды.

Алдын ала жауабыңызға рахмет!

Сауалнаманы толтыру

күні _____

Ұйымның атауы _____

Сіздің лауазымыңыз _____

ЖҰМЫС БЕРУШІ РЕТІНДЕ ТҮЛЕКТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Әр сұраққа ықтимал жауаптар беріледі. Пікіріңізге сәйкес келетіндерді таңдаңыз.

1. Сіз қазіргі уақытта және болашақта біздің түлектерімізді жұмысқа қабылдауға ниет білдіресіз бе?

1.1. Ниет, әрине.

1.2. Бірақ белгілі бір шарттар болған жағдайда.

1.3. Жоқ.

2. Сіз біздің мекемемен іскерлік байланыстарды дамытқыңыз келе ме?

2.1. Иә, келесі бағыттар бойынша:

2.1.1. Сіздің ұйымыңыздың негізінде студенттердің өндірістік тәжірибесі.

2.1.2. Сіздің қызметкерлеріңіздің білім беру үдерісіне қатысуы.

2.1.3. Сіздің кәсіпорыныңыз үшін мамандарды мақсатты дайындау.

2.1.4. Студенттерді еңбекпен қамту Сізге кәсіпорны.

2.2. Жоқ.

3. Біздің колледж түлектерін дайындауда негізгі қасиеттерді көрсетіңіз (жауаптың бірнеше нұсқасын белгілеңіз).

3.1. Теориялық білімнің жоғары деңгейі.

- 3.2. Практикалық дайындықтың жоғары деңгейі.
- 3.3. Қызметтің заманауи әдістері мен технологияларын меңгеру.
- 3.4. Түлектердің кәсіпқойлығы.
- 3.5. Түлектердің стандартты емес жағдайларда тез әрекет етуге дайындығы.
- 3.6. Өндірістік тәртіптің жоғары деңгейі.
- 3.7. Түлектердің жұмыс істеуге деген ниеті.
- 3.8. Түлектердің өзін-өзі дамыту және өз білімін жетілдіру ниеті.
- 3.9. Коммуникативтік дағдыларды меңгеру.
- 3.10. Басқа

4. Біздің колледж түлектерін даярлаудағы негізгі кемшіліктерді көрсетіңіз

- 4.1. Теориялық білімнің төмен деңгейі.
- 4.2. Практикалық дайындықтың жеткіліксіз деңгейі.
- 4.3. Болмауы жұмыс істеуге қалауы.
- 4.4. Төмен өндірістік тәртіп.
- 4.5. Өзін-өзі дамытуға және өздігінен білім алуға ниет жоқ.
- 4.6. Жалпы кәсіби дайындықтың төмен деңгейі.
- 4.7. Басқа


5. Сіздің ойыңызша, колледж түлектерін даярлауда нені жақсарту керек?

- 5.1. Теориялық білім деңгейін көтеру.
- 5.2. Практикалық дайындық деңгейін жақсарту.
- 5.3. Өндірістік тәртіптің дағдыларын арттыру.
- 5.4. Өзін-өзі дамыту және өздігінен білім алу дағдыларын арттыру.
- 5.5. Жалпы мәдениет деңгейін көтеру.
- 5.6. Басқа

Жұмыс берушілердің, өндірістік практика базалары басшыларының сауалнамадан өту барысында жұмыс берушілердің 99% білім алушылардың құзыреттілік деңгейіне қанағаттанған.

Сауалнама нәтижелерінің сілтемесі: <https://docs.google.com/forms/d/1ivv9kZ3O8q-adXSsUX31pTAOB5gqcUQ97JXbm9qfzZs/edit#responses>

Педагогтердің конкурстарға, чемпионаттарға, олимпиадаларға қатысуы

№	Атауы	Қатысушы педагогтің аты-жөні	Қатысу нәтижесі	Дәлелдеме құжаттар (диплом/сертификаттар)
<i>Облыстық</i>				
1	«Кәсіби шеберлік» байқауы	Ташенова Айжан Қадырбайқызы	Бас жүлде	

2	«Кәсіби шеберлік» байқауы	Шайрахметова Әсел Ғалымқызы	I орын	
3	«Облыстық инновациялық жұмыстар» конкурсы	Сатиева Марал Төлегенқызы	Жүлдегер	
4	Әйелдер арасында Асық ату «Бес асық» ойынынан облыстық жарыс	Өмірзақ Айсұлу Қуандықызы	III орын	
5	«Оқытушылардың құзыреттілігі-ТЖКББ студенттерінің кәсіби құзыреттілігін табысты дамытудың негізі»	Мукушева Н	Сертификат 2023 ж	
Республикалық				
1	«Кәсіби шеберлік» байқауы	Ташенова Айжан Қадырбайқызы	Бас жүлде	
2	«Тәуелсіз елдің үздік ұстаздары-2022» байқауы	Сапабекова Диана Ораловна	Диплом	

Студенттердің жетістіктері

№	Атауы	Студенттің аты-жөні	Қатысу нәтижесі	Педагогтің аты-жөні	Дәлелдеме құжаттар (диплом/сертификаттар)
---	-------	---------------------	-----------------	---------------------	---

Облыстық					
1	«Мамандықтар әлемін ашамыз»	Сәбит Жұлдыз	III орын	Сапабекова Диана Ораловна	
2	«Ұстаз» спартакиадасы аясында «Асық ату және Бес асық» ойынынан облыстық жарыс	Колледж командасы	III орын	Өмірзақ Айсұлу Қуандыққызы	
3	«Үздік – дауыс 2023»	Балхаш Айғаным	II орын	Шайрахметова А.Ғ.	
Республикалық					
1	«Мақатаев оқулары»	Айтмағанбетова Әсемгүл	Бас жүлде	Сапабекова Диана Ораловна	
2	«Мақатаев оқулары»	Сәбит Жұлдыз	I орын	Сапабекова Диана Ораловна	
3	«Мақатаев оқулары»	Султанбек Инас	I орын	Сапабекова Диана Ораловна	
4	ККО.kz қашықтық олимпиадасы	Айтмағанбетова Әсемгүл	I орын	Сапабекова Диана Ораловна	

5	ККО.kz қашықтық олимпиадасы	Бауыржанқызы Еңлік	I орын	Сапабекова Диана Ораловна	
6	ККО.kz қашықтық олимпиадасы	Жүкен Айым	I орын	Сапабекова Диана Ораловна	
7	«Күншуақ» «Вокал» номинациясы	Жақсанова Аяжан	Бас жүлде	Шайрахметова Асел Ғалымовна	
8	Республикалық фестиваль- конкурсы «Күншуақ» Аспаптық музыка	Тұрдалы Ерке	2-орын	Шайрахметова Асел Ғалымовна	
9	Республикалық фестиваль байқауы «Жаңа талант» Эстрадный вокал	«Асыл-ай» триосы	1-орын	Шайрахметова Асел Ғалымовна	
10	Международный фестиваль конкурс «Күншуақ» Аспаптық орындаушы лық	Бижума Гулнур	2-орын	Шайрахметова Асел Ғалымовна	
11	Международный фестиваль- конкурс «Күншуақ» Аспаптық орындаушы лық	Ерғали Аяжан	1-орын	Шайрахметова Асел Ғалымовна	

12	Республикалық фестиваль-конкурсы «Күншуақ» «Вокал» номинациясы	Жақсанова Аяжан	Бас жүлде	Шайрахметова Асел Ғалымовна	
Халықаралық					
1	Пәндік. V Халықаралық олимпиада, Ағылшын тілі	Булатова Аяжан	I орын	Сыздыкова Асем Кайдаровна	
2	Пәндік. V Халықаралық олимпиада, Ағылшын тілі	Кошпай Сезім Қанатқызы	I орын	Сыздыкова Асем Кайдаровна	
3	Пәндік. V Халықаралық олимпиада, Ағылшын тілі	Мамыртаева Ғалия Маратқызы	I орын	Сыздыкова Асем Кайдаровна	
4	Пәндік. V Халықаралық олимпиада, Ағылшын тілі	Мащанова Аймерей Жанайдаровна	I орын	Сыздыкова Асем Кайдаровна	
5	Пәндік. V Халықаралық олимпиада, Ағылшын тілі	Муратбек Нурсайн Манатұлы	I дәрежелі диплом	Сыздыкова Асем Кайдаровна	

Педагогтердің ғылыми конференцияларға қатысуы

№	Атауы	Қатысушы педагогтің аты-жөні	Қатысу нәтижесі	Дәлелдеме құжаттар (диплом/сертификаттар)
Республикалық				
1	Педагог және жазушы Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына арналған «Педагог кәсібилігі сапалы білім мен тәрбиенің кепілі»	Қамалиден Айгерім Сағындыққызы	Диплом, I дәреже	
2	«Мектепке дейінгі ұйымдарға мамандар даярлауда педагогикалық экожүйені дамыту қажеттілігі».	Қамалиден Айгерім Сағындыққызы	Сертификат	
3	«Ulagatty ustaz joly» республикалық ғылыми әдістемелік журналына материал жариялады	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
4	«Ulagatty ustaz joly» республикалық ғылыми әдістемелік журналына материал жариялады	Мукушева Нургуль Сериковна	Алғыс хат	
5	Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
6	«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі», «Заманауи білім беру жүйесі: идеялар, тәжірибелер, ізденістер»	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
7	Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» кафедрасы, «Педагогтың функционалды	Мукушева Нургуль Сериковна	сертификат	

	сауаттылығы – білім беру сапасын жақсартудың аса маңызды шарты»			
8	Республикалық педагогикалық оқулар жұмысына белсенді қатысып, рухани адамгершілік білім беру бағдарламасын қазіргі заманғы талаптар негізінде білім беру кеңістігінде ғылыми негізделген тәсілдермен бөліскені үшін.	Н.Мукушева	Сертификат	
9	«ЭТНО-АРТ-ДИЗАЙН» бағытындағы Халықаралық симпозиумында «үздік шеберлік сағаты»	Әміржанова Гүлмира Қайыржанқызы	DIPLOMA	
Халықаралық				
1	«Заманауи технологиялар және білім беру саласына ұлттық құндылықтарды енгізу шеңберінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі»	Қамалиден Айгерім Сағындыққызы	Сертификат	
2	«Инновации в педагогике: тпроблемы и опыт» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында тәжірибе бөлісті Алматы қ.	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
3	«Инновации в педагогике: тпроблемы и опыт» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында тәжірибе бөлісті	Мукушева Нургуль Сериковна	Алғыс хат	

4	«ALTYN BILIM KILTI» журналында білім дамыту саласындағы өз тәжірибесімен бөлісіп әдістемелік материалын жариялады	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
5	«Здоровье нации – в наших руках», посвященную Году матери в Республике Саха (Якутия) (Г.Якутск)	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
6	«Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орналы «Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және қолдау»	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	
7	«Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық	Мукушева Нургуль Сериковна	сертификат	
8	Bilim-all.kz	Мукушева Нургуль Сериковна	Алғыс хат	
9	С.Бегалин атындағы Қайнар орта мектебінің құрылғанына 100 жыл толуына арналған «Қайнар орта мектебіне 100 жыл: Ауыл мектебінің өзекті мәселелері мен даму келешегі»	Мукушева Нургуль Сериковна	Сертификат	

10	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	Шайрахметова Асель Галымовна	Сертификат	
11	Халықаралық ғылыми-практикалық конференция	Абдрахманова Салтанат Таубаевна	Сертификат	
12	«Қазіргі жастардың ғылыми әлеуеті – 2022»	Болатова Наталья Анатольевна	Сертификат	
13	«Қазіргі жастардың ғылыми әлеуеті – 2022»	Заманбекова Алия Заманбековна	Сертификат	
14	«Қазіргі жастардың ғылыми әлеуеті – 2022»	Шайрахметова Асель Галымовна	Сертификат	

Педагогикалық ұжым аймақтық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі түрлі кәсіби сайыстарға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға белсене қатысып, озат тәжірибелі идеяларымен бөліседі. Сонымен қатар, колледж оқытушылары студенттерге жетекшілік етіп, түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға, пәндік олимпиадаларға, сайыстарға қатыстырады.

Колледждің өзін-өзі бағалауын қорытындылау

Кәсіби білім беру қызметтерін көрсету бойынша оқу орнының қызметінің кешенді талдауы, негізгі тұтынушылардың (студенттер мен олардың ата-аналары), колледж түлектерінің, әлеуметтік серіктестіктер мен Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шет елдер білім беру ұйымдары өкілдерінің пікірлері колледждің Қазақстан Республикасының білім кеңістігінде көшбасшылық орнын растайды. Оқытудың жаңа технологияларын оқу-тәрбие процесіне енгізіп, білім беру қызметін көрсету бойынша жоғары сапаны қамтамасыз етіп жүрген оқу орны Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының

алдыңғы қатарына кіреді. Колледж түлектері еңбек нарығында еркін бәсекеге түсіп, Қазақстанның білім беру ұйымдарында жемісті еңбек етуде.

Бүгінгі таңда колледж ТЖКБ бәсекеге қабілетті оқу орындарының бірі болып табылады, ол төмендегі жетістіктерімен ерекшеленеді:

- МЖМБС және санитарлық ережелер мен талаптарға сай мықты материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген;
- оқытудың заманауи технологияларын қолданатын білікті педагогикалық құрамы бар;
- колледж түлектері еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие;
- жақын және алыс шет елдердегі ірі оқу және ғылыми орталықтармен шығармашылық байланысты кеңейткен және нығайтқан;
- әлеуметтік әлсіз топтағы білім алушыларға жеңілдіктер қарастырылған;
- заманауи компьютерлік және интерактивтік құралдары бар және ұдайы толықтырылып отырады;
- заманауи электрондық кітапханасы бар;
- колледждің басқару процесін одан әрі жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға ие.

Колледж жергілікті бюджет, республикалық бюджет және колледждің жеке қаражаты сияқты қаржыландырудың негізгі түрлерін ұтымды пайдаланады. Қаражаттың көп бөлігі студентке орталықтандырылған білім мен тәрбие беруге, дәрісханалық қорды жөндеуге, оқу корпусында ортаның жалпы эстетикалық жақсаруына және аумақтың абаттандырылуына жұмсалады. Оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану үшін жағдайлардың жақсаруы компьютерлік құрал-жабдықтардың одан әрі дамуымен байланысты.

Колледж білім нарығында 33 жыл еңбек етіп келеді. Қазақстан Республикасындағы осы уақыт аралығында білім саласындағы барлық реформалар мен өзгерістерге тікелей араласып отырды. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына өз үлесін қосты.

Колледждің оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті:

Ғылым кандидаты – 1 оқытушы

PhD докторы – 1 оқытушы

PhD докторант – 2 оқытушы

Магистр және магистранттар – 52 (66,%)

Жоғары оқытушылар – 7

I санатты оқытушылар – 8

Педагог-шебер: 5 оқытушы

Педагог-зерттеуші: 9 оқытушы

Педагог-сарапшы: 12 оқытушы

Педагог-модератор: 18 оқытушы.

Ғылыми-әдістемелік бағыт көрсеткіштері:

1. Республикалық «Кәсіби шеберлік» байқауының жеңімпазы – 1
2. Студенттердің ғылыми жобалары – 40 %
3. Студенттердің конференцияларға қатысуы – 75 %
4. Оқытушылардың ғылыми конференцияларға қатысуы – 100 %
5. Оқытушылардың оқу-әдістемелік құралдары – 75 %

Мақсаттық индикаторлар нәтижесі:

1. Қазақстан Республикасының ТЖКББ құрылымы бойынша колледж оқытушысы Рақымжан Оралсын Қалиқайдарқызы республикада тұңғыш рет **«Қазақ филологиясы»** бойынша PhD докторлық диссертациясын қорғады.
2. Педагогика пәнінің оқытушысы, педагог-шебер, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «8D01103 – Педагогика және психология» білім бағдарламасы бойынша PhD докторанты Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша «Білім алушыларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу (киберпедагогика)» тақырыбында **грант** иегері атанды.
3. **01130100 «Логопедия»** мамандығының **5AB01130101 «Логопедия қолданбалы бакалавры»** біліктілігіне бас лицензияға қосымша алынды.
4. ТЖКББ ұйымдарының жалпы пән оқытушылары арасында **«Кәсіби шеберлік – 2023»** республикалық байқауының қорытындысы бойынша ағылшын тілі пәнінің оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші **Ташенова Айжан Кадырбайқызы бас жүлде** иегері атанды.
5. Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған республикалық «Әуезов әлемі» атты танымдық-шығармашылық фестиваль аясында ТЖКББ жүйесіндегі педагогикалық колледждердің педагог қызметкерлері арасында өткен «Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде М.О.Әуезов шығармаларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің маңызы» атты үздік инновациялық жобаның «Үздік сыныптан тыс жұмыс» номинациясы бойынша қашықтықтан өткен республикалық сайыста қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары санатты оқытушысы **Ілияс Данагүл Нұртайқызы** жүлделі II орынды иеленді.
6. Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы, білім беру магистрі **Шакенов Ерболат Бергенбайұлы** Үстел теннисінен республикалық сайыста жүлделі I орынды жеңіп алып, «Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі» төс белгісімен марапатталды.
7. Колледж кітапханасының меңгерушісі **Рахимова Зарина Жомартқызы** Үстел теннисінен республикалық сайыста жүлделі I орынды жеңіп алып, «Үздік спортшы» төс белгісімен марапатталды.
8. «Логопед мамандарды даярлауда кездесетін мәселелер» тақырыбында республикалық семинар-практикум өтті.

9. Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О.Әуезовтің 125 жылдығына арналған республикалық «Әуезов әлемі» атты танымдық-шығармашылық фестивальдің аясында өткен «М.О.Әуезов шығармалары жас зерттеушілер көзімен» тақырыбындағы республикалық қашықтықтан ғылыми жоба байқауына **Ехсанова Камила Боранбайқызы** қатысып, жүлделі ІІ орынды жеңіп алды.
10. Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, жазушы М.О. Әуезовтің 125 жылдығына арналған республикалық «Әуезов әлемі» атты танымдық-шығармашылық фестивальдің аясында өтетін «СӨЗ ҚҰДІРЕТІ» мәнерлеп оқу байқауына Жамалахын Алмас қатысып, жүлделі ІІ орынды жеңіп алды.
11. Ел Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай, Астана қаласында «Қазақстан Республикасы колледждерінің үздік 100 студенті» республикалық конкурсында бастауыш мектеп бөлімінің ІІІ курс студенті Арапова Қарлығаш жеңімпаз атанды.
12. «Лингвистика және шет тілдерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» тақырыбында ІІІ республикалық студенттік ғылыми-практикалық конференциясы ұйымдастырылып өткізілді.
13. Республикалық «Болашақ – білімді жастардың қолында» атты колледж кітапханашыларына арналған республикалық семинар жұмысы аясында өткен «Кітап оқу» байқауына Ехсанова Камила Боранбайқызы белсене қатысып, І орын алды.
14. Қазақстан Республикасы колледждері арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Қ.Бітібаева атындағы республикалық олимпиадаға Дәулетбек Жұлдыз Советқызы қатысып, жүлделі ІІ орынды иеленді.
15. Спорттық WКС каратэден ІІ Республикалық турнирінің Кумитэ Спорттық WКС каратэсінде Балташ Шыңғыс белсенділік танытып, жүлделі І орынды жеңіп алды.
16. Спорттық WКС каратэден Қазақстан республикасының Чемпионаты Ката Спорттық WКС каратэде Балташ Шыңғыс белсенділік танытып, жүлделі І орынды жеңіп алды.
17. Азия Чемпионатында Ауыр атлетикада Байбуров Әлішер жеңіске жетіп, І орынды иеленді.
18. Ересектер арасында өткізілген Халықаралық турнирде Қазақ күресінен Төлеухан Алмат ІІ орын алды.
19. ТжКББ ұйымдарының арнайы пән оқытушылары арасында «Кәсіби шеберлік – 2023» облыстық байқауының қорытындысы бойынша дирижерлау пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-сарапшы Шайрахметова Әсел Ғалымқызы І орынды жеңіп алды.
20. Алғашқы әскери және технологиясы пәнінің оқытушысы Жабагин Тілектес Есенжолұлы «Отан қорғау» облыстық байқауына қатысып, І орын иегері атанды.
21. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері күнін мерекелеуге, ұшқыш-шабуылдаушы, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, Жеңіс парадына қатысушы, Қазақстан авиациясының генерал-майоры Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған облыстық сап және ән байқауында қыздар

арасында Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің

«ТОМИРИС» рухани-патриоттық қыздар клубы жеңімпаз атанып, ІІ орын алды, ұлдар арасында «АЙБЫН» әскери-патриоттық клубы жүлделі ІІ орынды иеленді.

22. 2023 жылы Ақмола облысында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары арасында жыл сайынғы студенттер арасында өтетін «Мамандықтар әлемін ашаңыз» форумының «Менің кәсібім – менің бизнесім» номинациясы бойынша Сәбит Жұлдыз ІІІ орынды иеленді.

23. «Айбын – 2023» ІХ Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынында «Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері жүлделі ІІ орынды иеленді.

24. Республикалық «Мақатаев оқулары» көркемсөз байқауында Авдрахман Нұрсауле Бас жүлдені иеленді.

25. Республикалық дүниежүзі тарихы пәні бойынша Қашықтық олимпиада «ККО.KZ» Нұржан Аружан жүлделі І орын алды.

26. Республикалық қашықтықтан «Абай оқулары» Байқауында филология бөлімінің студенті Сейсенбай Еркегүл жүлделі І орынды иеленді.

27. Республикалық әдістемелік ғылыми-зерттеу жұмысы байқауында «Қазақтың ою-өрнектері мен зергерлік бұйымдарын жасауды үйрету жолдары» Әшім Аружан жүлделі І орынды иеленді.

28. «Студент жастардың пікір-сайыс қозғалысы» атты облыстық пікір-сайыс турнирінде «Парасат» дебат клубы мүшелері жүлделі ІІ орынға ие болды.

29. «Студент жастардың пікір-сайыс қозғалысы» атты облыстық пікір-сайыс турнирінде Жанибек Дана «Үздік спикер» атанды.

30. «Дене мәдениеті» бөлімінің ІV курс студенті, Амирсандин Сағындық Вильнюс қаласында өткен армрестлингтен Әлем Кубогінде ІІ орынды иеленді;

31. «Студент және ғылым: ізденіс, инновация, даму» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға Құсбек Дарина белсене қатысып, жүлделі ІІ орынды иеленді

32. «Кезең» облыстық спартакиадасы бойынша жалпы командалық ІІІ орын алды.

33. Облыстық «Жігер» әскери-патриоттық жарыста колледж «Айбын» әскери-патриоттық клубының мүшелері жүлделі І орынды иеленді.

34. «Ұстаз-2023» спартакиадасы бойынша жалпы командалық І орын алды.

35. Республикалық қашықтықтан «Сәлем Астана» Кабдылкарим Мирас жүлделі ІІ орынды иеленді.

36. «ҚР колледждерінің ТОП-100 студенттері» жобасында бастауыш білім беру бөлімінің 4-курс студенті Арапова Қарлығаш жеңіске жетті.

37. «Студенттік көктем-2023» облыстық талантты жастар фестивалінде «Студенттік көктем Аруы» номинациясы бойынша музыка бөлімінің 4-курс студенті Акпарова Жұлдыз жүлделі І орынды жеңіп алды.

38. «ZANA TALENT» республикалық фестиваль-конкурсында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша «Гауһартас» триосы І орынды иеленді.

39. «Ақмола жұлдыздары» халық шығармашылығы көркемөнерпаздар байқауында колледждің шығармашылық ұжымы Бас жүлдені жеңіп алды.

Колледждегі білім мен тәрбие жүйесіне SWOT-анализ

Күшті жақтары:

- 1) Студенттерге сапалы кәсіби білім беруде педагогикалық ұжымның, педагогикалық-психологиялық, шығармашылық инновациялық, ғылыми-әдістемелік потенциялы жоғары.
- 2) Жаңа аттестаттау ережесі бойынша оқытушылардың сапалық құрамының өсуі.
- 3) Жүйелілік менеджменті стандарттарына сай «Талапкер – студент – табысты түлек» принципі іске асырылған.
- 4) Барлық мамандықтар мен біліктіліктер бойынша студенттердің еркін әрі жоғары деңгейде білім мен өзінің рухани-интеллектуалдық, дене тәрбиесін жетілдіруге материалдық-техникалық база толық сәйкес келеді.
- 5) Колледж оқытушылары үшін ғылыммен айналысуға, шығармашылық лабораториялар, педагогикалық ізденіс жұмыстарына үнемі материалдық-моральдық қолдау көрсетіледі.
- 6) Ұжымда корпоративтік мәдениет пен заманауи жоғары психологиялық коммуникативтік қарым-қатынас этикасы үнемі жетілдіріліп отырады.
- 7) Жас мамандарға, жаңа келген персонал мүшелеріне әкімшілік тарапынан үнемі қамқоршылық жасалады.
- 8) Ұжымның өсу нүктесінің үнемі жоғары болуы – республикадағы арнайы тәуелсіз мекемелердің жоғары рейтингісі, республикалық оқу-әдістемелік бірлестік жұмысының жоғары деңгейі, колледж менеджерлерінің (орынбасарлар, қаржыгерлер, т.б.) ТжКББ жүйесіндегі зор беделі, дәрежесі биік білім мекемелерімен байланысы.
- 9) Оқытушылар мен студенттердің қала, облыс, республика, халықаралық деңгейдегі түрлі сайыстарда, олимпиадалар мен конкурстарда жүлделі орындарға ие болуы.
- 10) Студентке бағытталған білім мен тәрбие процесінің нәтижеге бейімделген сапалы деңгейі.
- 11) Ақмола облысында педагогикалық мамандықтар бойынша мамандар даярлайтын оқу орындары ішінде түлектердің жоғары сұранысқа ие болуы.
- 12) Әлеуметтік серіктестіктермен өзара тығыз жұмыс істеудегі заманауи жаңа формаларының іске асырылуы.
- 13) Педагогикалық ұжым мен персоналды жаңа жетістіктерге жеткізу жолдарын жасауда әкімшіліктің басқару менеджментінің кемелдігі.
- 14) Қолданбалы бакалавриат жүйесі және PhD докторантурасы бойынша Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетімен тығыз түсіністік ынтымақтастықта жұмыс істеуі.
- 15) Оқытушылар мен студенттер арасындағы білім мен тәрбие процесіндегі жаңа заманауи демократиялық ашық коммуникациялық қарым-қатынастың қалыптаса бастауы.

- 16) Педагогикалық құрамға заманауи оқытушыға қажетті барлық мүмкіншіліктер жасалған.
- 17) Инфрақұрылым персоналының оқытушылар мен студенттерге сапалы еңбек ету мен білім алуға жасаған қамқоршылық назары жоғары деңгейде.
- 18) Қаланың барлық мәдени орындарымен (Ш.Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры, М.Ғабдуллин атындағы мұражай, Көкшетау мәдениет сарайы) колледж арасында байланыс орнығуы.
- 19) Қаржылық сектордың білім беру мен тәрбиенің сапасын арттыруға бағытталған саясатының ашықтығы және нәтижелілігі.
- 20) Ата-аналар мен колледж арасында тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында конференция, диалогтік алаңдардың өткізілуі.
- 21) Жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, әдістемелік көмек көрсетіліп, біліктілікті арттыру курстарына қатысуы.
- 22) Колледж оқытушыларының оқулық, оқу-құралдарын жазуы.
- 23) Педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметінің белсенділігінің (мақалалар мен басылымдар санының) және біліктілікті арттыру курстарына қатысу санының артуы.

Әлсіз жақтары:

- 1) Білім бейіні бойынша педагогикалық мамандар даярлайтын колледждің «Жас маман» мемлекеттік қаржыландыру бағдарламасына енбеуі.
- 2) Сапалы кадр даярлау принципі мемлекеттік тапсырысты анықтауда тиісті мекемелер тарапынан есепке алынбауы.
- 3) Кәсіби білімде оқытушыларды оқулық, оқу құралдарын, оқу-әдістемелік кешенді жазуға байланысты ғылыми жұмыстардың сапалы деңгейде жолға қойылмауы.
- 4) Мамандарға сұраныс қажеттілігі мониторингісінің перспективалық жоспарының болмауы.
- 5) ТЖКББ жүйесінде магистр академиялық дәрежесіне жалақы төлеу жүйесінің «Педагог мәртебесі» заңына енбеуі.
- 6) ТЖКББ жүйесіне магистратура, PhD докторантурасы бойынша мемлекеттік гранттардың бөлінбеуі, әрі осы жүйеде оқу механизмінің колледждер үшін қолайсыздығы.
- 7) Мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кемшіліктердің сапаға әсер етуі.
- 8) Білім беруге және колледждің өз ішкі мақсаттарына мүлдем қажетсіз іс-шараларға қатысуға жиі міндеттелуі.
- 9) Оқуға жаңа қабылданған білім алушылардың білім сапасы мен рухани интеллектуалдық, мәдени-эстетикалық деңгейлерінің төмендігі.
- 11) Балалар үйінен келген балалардың қоғамдық еңбекке бейімделмеуі.
- 12) Кәсіптік бағдар беру жұмыстарындағы әлеуметтік серіктестіктердің жеткіліксіз қызығушылық танытуы.

Мүмкіндіктері:

- 1) Мемлекет тарапынан ТЖКББ жүйесіне оң көзбен қарап, жаңа бағытта дамуына жағдай жасалуы.
- 2) Ақмола облысы әкімдігінің, білім басқармасының тарапынан колледждердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға зор көңіл бөлуі.

- 3) Ғылымды дамытудағы бөлінетін қаржының көтерілуі (мемлекетте ЖІӨ-нің 1% қарастырылған).
- 4) Педагог мәртебесін көтеруге байланысты атқарылатын жоба-жоспарлардың прагматикалық перспективасы.
- 5) Барлық мамандықтардың орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауға көшуі.
- 6) Педагогтердің өздігінен білімін жетілдіру бағытында белсенділік танытып, ғылыми және педагогикалық қызметі бойынша кешенді эксперименттің жүзеге асырылуы.

Қауіптері:

- 1) Мұғалім мамандығына оқуға түсетін жастардың білім сауаттылығының төмендігі.
- 2) «Музыка мұғалімі», «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» мамандығының қоғамдағы әлеуетінің төмендеуіне байланысты оқуға түсушілер санының азаюы.
- 3) Түлектердің мемлекеттік әлеуметтік пакетінің болмауы себепті аудандардағы, ауылдық-селолық жерлердегі білім мекемелеріне жұмыс істеуге бару ынтасының төмендігі.
- 4) Оқытушылар тарапынан медиабілім және АКТ-ның барлық мүмкіндіктерін пайдаланбауы.

Колледж әкімшілігі сапа саласының саясаты мен мақсаттарына сәйкес Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогика колледжінің 2023-2029 жылдарға арналған кәсіби педагогикалық білімді дамыту тұжырымдамасында өз міндеттерін іс-әрекет нәтижелілігінің ұдайы жақсаруы жағдайында көреді және ұжымды алға қойылған перспективаларға жетелейді.

Ақмола облысы білім басқармасының
жанындағы «Ж.Мусин атындағы
Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық
колледжі» МКҚК директоры



Н.Ахат

Директордың оқу жұмысы бойынша
орынбасары



Д.Лияз

Директордың ғылыми-әдістемелік
жұмысы бойынша орынбасары



Т.Жоламанова

Директордың ресаубликалық оқу-
әдістемелік жұмысы бойынша
орынбасары



Б.Батанасова

Бөлім меңгерушілері



К.Абиева

Г.Балдыкова

Ө.Төлеген

Е.Ғалымжан

А.Қапнас

Г.Мағзумова

Р.Баймағамбетова



Кадр инспекторы, кәсіподақ комитетінің
төрайымы



С.Салыкова

Техник-программист



Ж.Бекмағанбетов

Кітапхана меңгерушісі



З.Рахимова